

АР19677736 «МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДАҒЫ
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ЖОБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ТОБЫНЫҢ
АВТОРЛЫҒЫМЕН ӨЗІРЛЕНГЕН

БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУДА КЕШЕНДІ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

(ӘДІСКЕРЛЕР МЕН ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР)



Астана қ., 2024

«Баланың тілін дамытуда кешенді тәсілдерді қолдану жолдары» әдіскерлер мен педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024 ж. – 42 бет.

Рецензенттер:

Арзанбаева Б. О. п.ғ.к.

Ибрагимова Г.К. PhD

Ерманова М. Н., п.ғ.м., мектепке дейінгі білім саласының сарапшысы

Әдістемелік ұсынымдар **AP19677736** «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмыстарының барысындағы кейбір аралық қорытындылар негізінде педагогтерге қажетті тиімді тәсілдерді беру үшін жасалды.

Бұл әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілеріне, әдіскерлеріне, педагогтеріне, барлық мүдделі тұлғаларға арналған.

Мазмұны

Алғы сөз	4
1 Балаларымыздың тілінің дамуы қандай деңгейде: ағымдағы жағдайға шолу	5
2 Неге мән беру қажет және қалай әрекет ету керек ?.....	12
3 «Бәріміз бірге» - отбасының ықыласы маңызды фактор	14
4 Бақылаулардың негізінде іріктелген баланың тілін дамытуға арналған тиімді кешенді тәсілдер	17
5 Шетел тәжірибелеріндегі балалардың тілін дамытудағы тиімді әдістер	22
6. Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуіндегі нарративтік қабілетін дамыту әдістемесі	28
7. Қорытынды	41
Әдебиеттер тізімі	42

АЛҒЫ СӨЗ

Баланың бойында туғаннан бастап рухани жан-дүниесін қалыптастыру маңызды. Бұл оның ұлттық болмысымен, бесік жырының әуенімен, тілдің күдіретімен дариды. Сонымен қатар, баланың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруды балабақша бағдарламасы 1 жастан қамтиды. Бағдарламада дамытушы тілдік орта арқылы баланың тілін дамыту, ата-анамен ықпалдастық байланыс орнату, 3-жастан бастап ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті арқылы жүргізу қарастырылған.

Бағдарлама мазмұны балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді қамтиды және педагог балаға тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді үйретеді¹ деп көрсетілген.

Осы орайда **АР19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»** тақырыбындағы зерттеу жұмыстары педагогтердің қажеттіліктерін анықтап, олардың практикасын жетілдіру бағытында тиімді әдістер мен тәсілдерді жинақтауға, ұсынуға, әзірлеуге, әдістемелік сүйемелдеудің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді деп күтілуде. Зерттеу аясында 2024 жылы еліміздің балабақшаларында жүргізілген бақылау нәтижелерін талдау, бірқатар бірқатар тиімді шешімдерді қабылдауға ықпал етті.

Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеуін дамытудың тәсілдері келесі негізгі компоненттерді қамтиды:

- өзара белсенді коммуникативтік қарым-қатынас;
- үлкендердің оқып беруі арқылы мәтіндерді тыңдату;
- артикуляцияны дамыту және сөйлету, айтқызу;
- сөздік қорын толықтыру;
- ұғымдар туралы түсінігін, сөйлеуді түсінуін қалыптастыру;
- сөздердің мағынасын әлеуметтік ортада тікелей берілген ситуациялық (прагматикалық) контексте қолдану;
- мамандандырылған қолдау.

Бұл жерде аталған негізгі компоненттерді белсенді қолдана алу үшін - мазмұнды заттық дамытушы ортаның болуы маңызды. Сонымен бірге, жиі сөйлесу, балалардың сұрақтарын тыңдап, оларға жауап беру, балаларды күнделікті өмірге араластырып әңгімелесу және бала үшін маңызды сұрақтарды олармен бірге талқылау қатар алынады.

Бұған дейін, 2021-2023 жылдары ECERS-3 әдістемесі арқылы жүргізілген зерттеу нәтижелерінде² де «заттық-кеңістіктік орта», «сөйлеу және сауаттылық» индикаторлары бойынша шектік жеткілікті деңгейден төмен көрсеткіш анықталған болатын.

Сондықтан әдістемелік ұсынымдарда зерттеу деректеріне негізделген

¹ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183>

² <https://vo.hse.ru/article/view/16870>

талдау және кейбір аралық қорытындылар негізінде мектепке дейінгі ұйымдардағы баланың тілін дамытуға арналған педагогтерге қажетті тиімді тәсілдер беріліп отыр.

1. Балаларымыздың тілінің дамуы қандай деңгейде: ағымдағы жағдайға шолу

Өзектілігі. Қазіргі мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуының деңгейі қанағаттанарлықсыз және сөйлеуді дамыту мәселесі күннен-күнге өзекті бола түсуде.

Зерттеудің мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің дамуының кешуілдеу себептерін анықтау және ұсынылатын әдістемелердің тиімділігін дәлелдеу.

Қолданылған зерттеу әдістері: бақылау, әңгімелесу, сауалнама, талдау, жинақтау.

Баланың тілінің дамуы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасын игертуде алдымен оның коммуникативтік дағдыларының қалыптасуымен тікелей байланысты болғандықтан, зерттеу барысында мониторинг қорытындысы зерделенген болатын. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тиісті дағдыларының қалыптасуының қорытынды мониторингі жыл сайын Балаларды ерте дамыту институтымен мамыр айында жүргізіліп, маусымда жинақталады. Жалпы жылына 3 рет өткізіледі (бастапқы, аралық, қорытынды). Нәтижелерін зерттеу, салыстырмалы талдау жүргізу үшін мониторинг материалдары Институт сайтынан алынды.

Анықтама.

Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша мониторингтің қорытынды кезеңімен 2024 жылы мектепке дейінгі ұйымдардың **1 126 804** тәрбиеленушісі қамтылған. Оның ішінде:

- ерте жас тобы (1 жастағы балалар) – 18720;
- кіші топ (2 жастағы балалар) - 172 990;
- ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 301 066;
- ересек топ (4 жастағы балалар) - 277 601;
- мектепалды топтарда / сыныптарда (5 жастағы балалар) -355 241 тәрбиеленушісі қамтылған.

Осыған сәйкес 1-кестеде әр жас ерекшелігі бойынша мониторинг материалдарындағы балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуы³ көрсеткіштері жинақталған.

³ <http://irrd.kz/page/read/Monitoring.html>

1-кесте. Мониторинг нәтижесіндегі балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуы (маусым, 2024)

	Мониторингпен қамтылғандар саны (N) және пайызы (%)	Жасы бойынша балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасу көрсеткіші:		
		жоғары	орташа	төмен
1 жас	N	9225	6718	2778
	%	49,3	35,9	14,8
2 жас	N	95119	60520	17351
	%	55,0	35,0	10,0
3 жас	N	174533	103017	23516
	%	58,0	34,2	7,8
4 жас	N	168932	89550	19119
	%	60,9	32,3	6,9
5 жас	N	225277	109155	20749
	%	63,4	30,7	5,8

Анықтама.


N - мониторингпен қамтылған балалардың саны.

% - мониторингпен қамтылған балалардың барлық балаға шаққандағы үлесі.

Кестедегі мәліметтерге сүйенетін болсақ, 1 жастағы мониторингпен қамтылған 9 225 баланың тілінің және коммуникативтік дағдыларының жасына сәйкес даму көрсеткіші 49,3 % құрайды. Ал енді 5 жастағы мониторингке қатысқан 225 277 балалардың ішінен 63,4%-ында коммуникативтік дағдылары критерийлерге сәйкес келген. Мәліметтер көрсетіп отырғандай, 5 жасқа дейін мектепке дейінгі тәрбие және біліммен қамтылған балалардың саны 216 052-ға артқанмен, 1 жастағы кезеңдегі коммуникативтік дағдыларының қалыптасу үлесімен салыстырғанда 5 жастағы балалардағы ілгерілеу динамикасы 14,1%-ды көрсеткен. Нәтижесінде 30,7% балалардың 5 жаста тілдік және коммуникативтік дағдыларының жас ерекшелігіне сәйкес толыққанды қалыптасып үлгермегенін көрсетеді.

Жалпы балалардың белгілі контингентімен жүргізілген мониторинг қорытындыларын қарайтын болсақ, сол балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуындағы 3 жылдағы ілгерілеу орташа есеппен тұрақты 10-14% шегінде болып отырғанын көруге болады.


1-диаграмма. Балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуының жас ерекшелігі бойынша салыстырмалы көрсеткіші




Келесі үш сызбада балалардың негізгі дағдыларының қалыптасуы бір-бірімен тығыз байланысты екенін көруге болады. Себебі, қандай да бір дағдыларының дамуындағы тежелістер баланың басқа іс-әрекеттерді орындауына, ойын ойнаған кезде қиялындағы сюжетті дамытуға, өз бетінше бастамашылдық танытуға, еркін тілдесуге кедергі болады.

Сызбадан балалардың қандай да бір білік, дағдыларының қалыптасу көрсеткішінде бір-бірінен қатты алшақтаудың жоқтығын, дегенмен тиісті дағдылары толыққанды қалыптасып үлгермеген балалардың үлесі өкінішке орай 30-35 % көрсетіп отырғанын аңғаруға болады.


1-сызба. Балалардың дағдыларының қалыптасуының жас ерекшелігі бойынша салыстырмалы көрсеткіші



2-сызба. Жас ерекшелігі бойынша дағдылары орташа деңгейде қалыптасқан балалардың үлесі бойынша салыстырмалы көрсеткіш



3-сызба. Жас ерекшелігі бойынша дағдылары төмен деңгейде қалыптасқан балалардың үлесі бойынша салыстырмалы көрсеткіш



Мониторинг материалдары балалар мен педагогтің күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін айқындауға және соның ішінде тілдік дағдыларының қаншалықты Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруіне, өз білімдерін қолдана отырып біліктер мен дағдыларды үйренуіне әсер ететінін бағалауға мүмкіндік берді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы тілдік ортаның қалыптасуы бойынша талдау келесі әлсіз тұстарымызды көрсетті:

- кәсіби педагог мамандардың жетіспеушілігі;
- бала пайдаланатын әлеуметтік желідегі контенттің өзге тілде болуы;
- солтүстік аймақтардағы МДҰ-да тілдік ортаның қалыптаспағандығы;
- отбасындағы қарым-қатынас тілінің баланың ана тілінде болмауы.

Тәуекелді тұстарды саралау келесіні көрсетті:

- аралас тілді балабақшаларда қарым-қатынас тілі орыс тілі болып қалып отыр;
- екі тілді 2062 балабақшалардағы қазақ тілді топтардың үлесі 18 % ғана құрайды;
- әлеуметтік желідегі, бұқаралық ақпарат көздеріндегі балаға қолжетімді контентті қазақшалаудың қажеттігі.

Анықтама.

Республикада 11 634 мектепке дейінгі ұйым (бұдан әрі - МДҰ) жұмыс істейді, оларға 1 млн астам бала барады.

Оның ішінде қазақ тілінде 8 160 МДҰ (МДҰ-ның жалпы санынан алғанда 70 %) (оның ішінде 26 658 топ, 552,4 мың бала), орыс тілінде 1 403 МДҰ (МДҰ-ның жалпы санынан алғанда 12 %) (оның ішінде 4 454 топ, 70,6 мың бала), аралас тілде 2 062 МДҰ (МДҰ-ның жалпы санынан алғанда 18 %) (оның ішінде 15 760 топ, 341,9 мың бала), ұйғыр тілінде 3 МДҰ (МДҰ-ның жалпы санынан алғанда 0,03%) (оның ішінде 4 топ, 98 бала), өзбек тілінде 2 МДҰ (МДҰ-ның жалпы санынан алғанда 0,02%) (оның ішінде 9 топ, 94 бала), ағылшын тілінде 4 МДҰ (МДҰ-ның жалпы санынан алғанда 0,04%) (оның ішінде 12 топ, 87 бала). Балабақшадағы орыс тобындағы балалардың 85%-ы қазақ ұлтының балалары.



Бақылау экспериментіне еліміздегі жалпы 9 өңірден 30-дан астам балабақша топтары мен 500-ден астам тәрбиеленуші қамтылды. Одан бөлек, сауалнамаға тартылған респонденттердің ішінде педагогтер мен ата-аналар бар.

Бақылау жүргізілген топтарда қолданылған тапсырмалар бойынша балалардың жас ерекшелігіне қарай өз ойын жеткізуіне, тілдік қорының байлығына, байланыстырып сөйлеуі мен дыбыстарды дұрыс айтуына мән берілді.

1-суретте Астана қаласындағы №87 «Қадыр» бөбекжай балабақшасындағы ортаңғы топ бүлдіршіндерімен әңгімелесу сәттері бейнеленген.

Ересек топтағы бақылау эксперименттерінде «қарама-қарсы сөзді тап» әдісі арқылы заттардың белгілерін білдіретін сөздерді қолдану қабілетін, мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерді қолдана білуін диагностикалау жүргізілді. Нәтижесінде бақылауға алынған балалардың 59%-ы бұл тапсырмаларды «жақсы» және «орташа» деңгейде орындады.

Анықтама.

Мониторинг өлшемшарттарындағы баланың дағдыларының қалыптасу көрсеткіштері «жоғары», «орташа», «төмен» деңгеймен анықталуына байланысты диагностика нәтижелері де сандық индикаторда 1-3 балл аралығында алынды (кестелерде берілген).

«Сөз-жалпылау» әдістемесі әртүрлі тақырыптар бойынша жүргізілді. Жалпы ұқсастығына байланысты бала суреттерді анықтап, атай алғанымен, 4 жастағы балалардың 17%-ы (1 ұпай) диагностика нәтижесінде жалпылауыш сөздерді айта алмады. Сөздерді атаудан қате жібергендердің үлесі 31% (2 ұпай) болса, тапсырманы дұрыс орындағандардың үлесі 52 % құрады. Жалпы «сөз-жалпылау» әдістемесі тәрбиешілердің, арнайы білім беру педагогтарының арасында өте кең таралғандығы байқалады, себебі бақылау барысында олардың бұл әдістемені өте жиі қолданатыны көрінді. Сондықтан, балалар да бұл тасырмаларды орындауға үйренген, дегенмен педагогтардың тарапынан көбінесе баланың өзіне айтқызу, қайталату жағына жеткілікті мән бермейтіні анық көрінді.



2-суретте Алматы қаласындағы №187 бөбекжай-бақшасындағы жұмыс сәтінен көрініс берілген.

«Мамандық түрлерін таңдау» тақырыбы бойынша суретке қарап, мамандық түрлерін, әкесі мен шешесінің мамандығын атай алған және басқа да мамандық түрлерін атай білетін балалардың үлесі 4 пен 5 жас аралығында біраз алшақтықты көрсетеді. Бұдан біз қазіргі кездегі тенденцияны анық байқаймыз, яғни балалардың көпшілігінің сөздік қорының толығы мен байланыстырып сөйлеуі тек 5 жасқа қарай қалыптасуда.

«Дыбыстар сөйлейді» әдістемесі арқылы дыбыстау мәдениетінің қалыптасуын (*ана тілінің барлық дыбыстарының дұрыс, анық айтылуын, есту зейінін, қабылдауды және сөйлеу қарқыны мен сөйлегенде дұрыс тыныс алуына*) диагностикалау жүргізілді.

2-кесте. Дыбыстау мәдениетінің қалыптасуын диагностикалау (ересек топ – 4 жас).

	Деңгей	Баланың жасы	Ұпай саны	Тиісті ұпайды иеленген балалардың үлесі, %
Ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс, анық айтады, ажыратады	жоғары	4 жас	3	39,6
	орташа	4 жас	2	23,4
Дыбыстарды дұрыс, анық айта алмайды	төмен	4 жас	1	37

Баланың грамматикалық дұрыс сөйлеуін зерттеу әдістері негізінен мектепалды даярлық тобында зерделенді. Алдымен сөйлеудің дыбыстық жағының күйін зерттеу үшін ересек топтарда қолданылған әдістеме пайдаланылды және нәтижелері келесі кестеде берілген.

3-кесте. Дыбыстау мәдениетінің қалыптасуын диагностикалау (мектепалды топ – 5 жас).

	Деңгей	Баланың жасы	Ұпай саны	Тиісті ұпайды иеленген балалардың үлесі, %
Ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс, анық айтады, ажыратады	жоғары	5 жас	3	41,5
	орташа	5 жас	2	36,2
Дыбыстарды дұрыс, анық айта алмайды	төмен	5 жас	1	22,3

4-кесте. Фонематикалық есту процесін бақылау көрсеткіштері (мектепалды топ – 5 жас).

Фонематикалық есту қабілеті	Деңгей	Баланың жасы	Ұпай саны	Тиісті ұпайды иеленген балалардың үлесі, %
	жоғары	5 жас	22-26	46,6
	орташа		12-21	33,8
	төмен		0-11	19,6

Фонематикалық естуді дамыту дегеніміз белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білу және атауға үйрету болып табылады. Сондықтан, практикада педагогтар дыбыстарды анық айтуға балаларды үнемі жаттықтырулары тиіс. Бұл артикуляциялық аппаратты жетілдірудің жолы.

Анықтама.

Зерттеу жұмыстарының толық ақпараты аналитикалық талдау есебінде берілген, қосымша жарияланатын болады.

2. Неге мән беру қажет және қалай әрекет ету керек ?

Зерттеу жұмыстарының барысында балабақшада жүргізген бақылаулар келесіні көрсетті:

Бақылауға алынған 4 жастағы балалардың 20-25 %-ы дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтпайды, дыбыстардың артикуляциясын бекіту бойынша жеке жұмыс жасауға тәрбиешінің уақыты жетпейді, ал артикуляциялық аппаратты дамыту бойынша жұмыс жасайтын логопед мамандар барлық балабақшада жоқ (тек логопункттері бар балабақшаларда). Сөйлеуін дамыту үшін тәрбиешілер көбіне өлең жаттатып айтқызу, жаңылтпаштарды қолданады. Сондай-ақ балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, заттардың сапасы мен қасиеттерін түсіндіретін құралдар мен ойыншықтар арқылы байыту педагогтердің тәжірибесінде ең көп таралған тәжірибе екені байқалды.

Астана, Алматы, Атырау, Шымкент, Түркістан қалаларында жүргізілген балабақшалардағы бақылау кезінде жеке әңгімелесу әдісі арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуі зерделенген болатын. Бақылау нәтижелері 4 жастағы ересек топ балаларының кейбіреуінде байланыстырып сөйлеу қабілеті толық қалыптаспайтындығын көрсетіп отыр. Жеке әңгімелесуге тартылған 10 баланың 2-уі ойын анық, толыққанды жеткізе алмады. Ал, 3 жастағы ортаңғы топ балаларының ішінде бұл көрсеткіш одан да төмен болды, яғни 30-35 %

шамасында. Сюжетті суреттерді әңгімелеу, заттарды сипаттау кезінде балалардың өз ойын бөлісуге, айтуға сөздік қоры жетпейтіндігі анық көрінді. Ересектердің сөзін тыңдап, түсіну деңгейі жас ерекшелігіне қарай қалыпты екені байқалады.

Иллюстрациялық кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарап, оларға суреттердің мазмұны туралы айтып беруді өтінгенде барлығы дерлік эмоциямен жеткізуге тырысты, бірақ пікірлерін айту кезінде сөздік қорларының жетпегендігі кедергі болды. Сондықтан, педагогтерге ұсыныс ретінде жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді бірге оқып, тыңдатып, олардың мазмұнындағы әрекеттерді бірге талқылап, шығарманың кейіпкерлері туралы сипаттап айтуды үйрету туралы кеңес берілді.

3-4 жаста баланың дамуы үшін сюжеттік рөлдік ойындардың маңызы зор екендігін ескере отырып, бақылау жұмыстары аяқталғаннан кейін ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарды бірге ұйымдастыруға ықпал жасауға, кейіпкерлердің образын беруге баулу қалай іске асырылатыны туралы педагогтермен пікірлесу болды.

Балабақшада жүргізілген бақылаулардың кезінде тағы бір маңызды факторға назар аударылды. Ол – солтүстік аймақтардағы, Астана қаласындағы балабақша топтарында тілдік ортаның қалыптаспағандығы және педагогтардың, баламен қарым-қатынас жасайтын персоналдың бағдарламада берілген қолданыс жиілігі жоғары сөздік минимумды пайдаланбауы. Өкінішке орай қазақ топтарының өзінде тілі ана тілінде шықпаған балалардың үлесі көп. Бұл жағдай әсіресе Астана қаласының балабақшаларында жүргізілген бақылауда анық көрініс тапты. Шымкент және Түркістан қалаларында мемлекеттік тілде тәрбиелейтін балабақшалардағы топтарда тілдік орта қалыптасқан, балалар ана тілінде сөйлеседі. Бірақ логопед маманның кабинетіне, қазақ тілі кабинетіне алынған тіл дамыту тренажерларының бағдарламасы орыс тілінде орнатылған. Аталған интерактивті тренажерлардың бағдарлама тілін ауыстыруға ұсыныс берілді.

Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді, тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасының ішінде берілген сөздік минимумды қолдануды міндеттеу арқылы күшейтілген. Тәжірибеде мұның педагог және басқа да қызметкерлермен балалармен тілдесу кезінде қолданылатыны бақылау барысында көрінді.

Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулудың қажеттілігі бақылау барысында анық көрінді. Себебі, тәрбиешілердің тарапынан балаларды ойландыратын немесе ойға жетелейтін жетекші сұрақтар аз қойылды. «Иә» немесе «жоқ» деген бірізді қарапайым жауапты ғана талап

етегін сұрақтар баланың ойын сөзбен жеткізуге ынталандырмайды, тиісінше бала да қажеттілікті сезінбейді. Бұл жағдайдың тағы бір көрінісі, ол балалардың көбінің отбасында гаджеттерден үнсіз ақпарат қабылдауы. Нәтижесінде, бәрін түсініп отырғанымен, сөйлеуге қажеттілік туындамайды. Сондықтан, сұхбат барысында тәрбиешілерге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасында қарастырылғандай, таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға көбірек көңіл бөлу туралы ұсыныс берілді.

Жалпы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерге сәйкес балалардың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуын педагог өз жұмысында бағалай алу үшін мониторингте тиісті критерийлер қарастырылған.

Бұл үшін қажетті алғышарттар:

- 1) дамытушы қолжетімді орта;
- 2) тиімді әдіс-тәсілдер;
- 3) баланың белсенділігі және оған сөйлеуге қажеттілік туғызу;
- 4) балаға педагог тарапынан қойылатын мазмұнды сұрақтар;
- 5) педагогтың кәсіби шеберлігі;
- 6) отбасының ықпалдастығы мен ата-ана жауапкершілігі;
- 7) баланың ілгерілеуін үнемі қадағалап, ынталандыру.

Осы бағытта педагогтерге қажетті жарық көрген ОӘК мен әдістемелік құралдардың Тізімдемесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету керек, себебі педагогтар өзінде таңдау мүмкіндігінің бар екендігін біле бермейтін жағдайлар кездесті.

3. «Бәріміз бірге» - отбасының ықыласы маңызды фактор

Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның дамуындағы маңызды кезең, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі, бұл оның одан әрі дамуында, білім алуында және болашағын айқындауда шешуші рөл атқарады.

Біздің дана халқымыз бала тәрбиесіне, ұрпағының саналы азамат болып ізін жалғастыруына ерекше мән берген. Қазақ қоғамында біртұтас әлеуметтік отбасылық институт тәрбие мәселесімен айналысқан, ондағы әрбір тұлғаның өз орны, ықпалы болған. Балалар аталары мен әжелерінің өсиетін тыңдап, бірге дастандар жаттап, ертегі тыңдап өссе, ал аға-жеңгелерімен сырласқан. Құрбыластарымен жұмбақ, жаңылтпаш айтып, жатқа жырлар оқып жарысқан, табиғатпен тілдескен.

Зерттеу қорытындылары біздің осы түп тамырымыздан ажырап бара жатқанымызды, ата-аналармен бірге ықпалдастық, ынтымақтастықты қайта жаңғыртып, педагогтарымыздың бұған күш-жігерлерін салып еңбектенуі қажеттігін көрсетіп отыр. Себебі, жас ата-аналарымыз баланың салауатты ерте

дамуына, отбасында тілінің дамуына жеткілікті мән бере алмай отырғаны ақиқат. Біздің байқағанымыз, салмақ педагогтерге түсіп отырғандығы.

Бұл бағытта мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын сапалы трансформациялау бойынша жүйелі кешенді шаралар ҚР ОМ Балаларды ерте дамыту институтымен қолға алынған. Институт 2021 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін [2] әзірледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттарын айқындайтын тұжырымдамалық құжат болып табылады, онда баланың субъективтілігін, даралығын, жас ерекшеліктерін ескере отырып, оны толыққанды дамыту бағытына қарай педагогикалық тәсілдерді өзгерту көзделген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы қолайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері үлкен маңызға ие. Сондықтан Институт отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру бойынша үлкен жұмыс жүргізуде.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде Институт іске асырып жатқан міндеттер:

- ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту;
- балаларды ерте дамытуға жағдай жасау.

Жалпы, қазақ қоғамында ата-аналар балаларын кішкентай жастарынан сөйлеуге, санауға, заттарды және олардың өзіндік ерекшеліктерін атауға үйреткен. Ал, баланың тілі шыққан бойда оған тақпақтар мен өлеңдерді, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды үйреткен. Бұлар баланың есте сақтау қабілетін дамытумен қатар, оған қоғамның әлеуметтік құрылымы, көшпелі тұрмыстың шаруашылығы, отбасы мүшелерінің қарым-қатынастары туралы ең қарапайым түсініктер берген. Әдетте балаларды 7-8 жастан бастап оқытуды көздеген және сауаттылықтың, жазу мен санаудың әліппесін үйреткен. Халық педагогикасында дәстүрлі білім беру түрлерінің бірі ретінде ауыз әдебиетіне үлкен мән берді. Осыған қарап ертедегі қазақ баласының балалық шағы қаншама қиын кезеңдерге тап келсе де, білімнен, өнерден, жалпы адами қасиеттерден алыстамағанын аңғарамыз.

Қазақстандағы балаларды тәрбиелеудің мәдени тәжірибелерінің параметрлерін қарастыра отырып, 100-ге жуық этникалық топтардың балаларын өз дәстүрі мен тілінде тәрбиелейтінін ескерген жөн. «Бүгінгі таңда ұлтты ұлықтайтын басты фактор - қазақ тілі, мемлекеттік тіл» [4]. Яғни, қазақстандық бірегейліктің негізгі құрамдас бөлігі қазақ тілінде еркін сөйлеу қабілеті болып табылады. Қазақ тілі білім беру үшін міндетті болып табылады, ол оны ресми қолданумен оған барған сайын басым қатысуға мүмкіндік береді және кең экономикалық және мәдени өмірге қатысқысы келетін азшылық қауымдастықтарының мүшелері үшін әдепкі тілге айналады.

Институт тарапынан өткізіліп келе жатқан дәстүрлі байқаулар қазақ тілін дамыту құралына айналып келеді. Наурыз айында 11 000 отбасы балаларымен бірге өткізілген аймақтық және республикалық «Ханталапай»,

«Шымырлық пен шеберлік күні», «Әжем, анам және мен» байқаулары өнегелі әже, тәрбиелі немере, шебер ана, еңбекқор бала өнегесін көрсетті. Қатысқан балабақшалар саны 850. Республикалық кезеңге 350 балабақшадан 6000 отбасы балаларымен қатысты. Қыркүйек айында «Қазақшаң қалай, балақай?» байқауын өткізу дәстүрге айналған және бұл шара өзге ұлт өкілдерінің отбасы мен балаларын қамтуымен ерекшеленеді. Бұл шаралар тіл мен дәстүрге деген құрметті дәріптейді және ата-ананың басқаларға үлгі боларлықтай өнегесін, баланың болашағына деген жауапкершілігін, баланы бірге дамытуға және қолдау білдіруге деген ынтасын көрсетеді. Байқау материалдарын Институт сайтынан алып, тәжірибеге енгізу мақсатында танысуға болады.

Бұдан бөлек, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жобалары бойынша үздік практика балабақша жанындағы Құзыреттілік орталықтарының тәжірибесінде сыналып, қазіргі уақытта таратылуда. Бұл туралы Институт мамандары нұсқаулықтарда, әдістемелік ұсынымдарда педагогтерге бағыт берген және озық тәжірибе үлгілерін әлеуметтік парақшаларында орналастырған <http://www.youtube.com/@%D0%98%D0%A0%D0%A0%D0%94>

Балабақша бағдарламасында мемлекеттік тілдің басымдылығы, оның ішінде 3 жастан бастап қазақ тілін оқыту қарастырылған. Тілді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар күтілетін нәтиже түрінде анықталған. Үлгілік оқу бағдарламасында берілген сөздік минимум игеріледі. <https://www.youtube.com/watch?v=01FpOJgCro&list=PL7n1e6Flz1sB0UfCzggQ8X62N2an0Msu-&pp=iAQB>

Сонымен қатар, әр елдің озық практикасын (Кюизенер таяқшалары, Дьенеш блоктары мен Васкобовичтің технологиялары және т.б.) өз тәжірибесінде қолданып жүрген педагогтеріміз «бірақ, біздің де өз ұлтымыздың бала тәрбиесіндегі қолданған әдіс-тәсілдері бар емес пе?» деген сұрақты өздеріне қоя отырып, бүгінгі күні балабақшада құрастыруда, мүсіндеуде, сурет салу мен санамақта, әріптермен бастыруда, жазумен жарысуда теңдесі жоқ ұлттық ойындарымызды кеңінен насихаттауда. Ата-әке-бала, үш ұрпақ өкілінің асық ойынынан сайыстарын өткізу, бала тәрбиесіне ер адамның ықпалын күшейтуге негіз болуда. Басқа балабақшалар қызығушылық танытып, аудандық, қалааралық семинарлар өткізіле бастады. Бір жасалған ойын құралы бірнеше жыл топтан топқа беріп қолдануға жарайды, берік, оңай тазаланатын, ойынды түрлендіруге ыңғайлы, үздік ондықтағы «Дамыту құралы» ретінде Халықаралық Экспо көрмесіне қойылып, жоғарғы баға алған (Алматы қаласының №187 бөбекжай-бақшасының тәжірибесінен). Республика көлеміне кең таралып келе жатқан мектепке дейінгі білім беру деңгейіндегі ұлттық ойындардың тағы біреуі – «бестемше» ойыны.

Сингапурда тәжірибе алмасу іссапарында болып қайтқан педагогтеріміз біздің дамытушы құралдарымызға сұраныс жасалғанын және Корея, Жапон, Маңғолия елдерінен келген әріптестеріміздің өз практикасында қолдануға ынталы екенін айтқан болатын.

Педагогтермен жүргізілген сауалнамада «біздің тәжірибемізде, ұлттық ойындардың смартфоннан артықшылығын, пайдасын ашып түсіндірген кезде әр ата-ана «Білім жаһандық болса да – тәрбие ұлттық» болуы керектігін түсінеді» деген болатын (*Ф. Омарбековамен сұхбаттан үзінді, Алматы қ., №187 бб*).

Бүгінгі күні гаджеттерге телмірген бала мен ата-ананың арасындағы байланыс жоғалып, бүлдіршіндеріміздің тілінің шығуының кешеуілдеуі, 4 жасқа дейін дұрыс сөйлей алмауы белең алып бара жатқан құбылысқа айналды. Мұны, зерттеу барысында жүргізілген бақылау эксперименттері мен диагностика нәтижелері де дәлелдеп отыр.

Министрлік Балаларды ерте дамыту институтымен және ЖАО-мен бірлесіп, ата-аналарды педагогикалық технологиялар мен цифрлық ресурстар арқылы мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға тарту жұмыстарын кеңейтуде. «Виртуалды әдістемелік кабинетте» институт сайтында⁴ «ата-аналарға кеңес» айдары ашылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің қызметіне әдістемелік сүйемелдеу, балаларды мектепке даярлау мәселелері бойынша консультациялық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Осы жұмыстардың аясында, отбасында баланың тілін дамытуға арналған ата-аналарға қажетті тиімді дидактикалық ресурстарды іріктеу, жүйелеу, ұсыну, қолжетімді ету қажет.

4. Бақылаулардың негізінде іріктелген баланың тілін дамытуға арналған тиімді кешенді тәсілдер

Түйінді ойлар

✓ *Күрделі сюжеттерімен дамыған рөлдік ойында импровизация үшін жеткілікті рөлдер бар және мұнда балалардың шығармашылық қиялы қалыптасады. Ойын баланың қиялына ерік беріп, сөйлеуге талпынуына ықпал етеді.*

✓ *Әсерлі ойындар ерікті есте сақтау қабілеті арқылы жаңа тәжірибені меңгеріп, қажетті сөздерді жаттап алуға жетелейді.*

✓ *Құрдастарымен қарым-қатынаста балада нұсқауларды орындау, бағалау, ойын әрекеттерін үйлестіру және т. б. қамтитын диалогтік сөйлеуі дамиды.*

Тілін дамытуда баланы алдымен ойластырылған микроортаға енгізу, содан кейін қарым-қатынастың барлық түрлері үшін оның шеңберін біртіндеп кеңейту қажет. Л. С. Выготский оқыту мен дамудың ішкі байланысын «жақын даму аймағы» ұғымында көрсеткен болатын және оның мәні: әр баланың жеке қажеттілігін ескере отырып, өзін-өзі дамытуға ынталандыру, көмектесу. Оқыту дамудың ішкі процестерін қозғалысқа келтіреді, олар алдымен бала үшін басқалармен қарым-қатынас және құрдастарымен ынтымақтастық

⁴ <http://irrd.kz/>

жағдайында ғана мүмкін болады, біртіндеп дамудың бүкіл ішкі бағытына еніп, баланың өзіне айналады.

Көбінесе, баланың төмен мотивациясының себептерінің бірі - тілдік ортаның болмауы немесе сөйлеуге қажеттіліктің болмауы. Осыған байланысты педагогтың алдында келесі сипаттағы міндеттер тұрады:

1. Сөйлеуге қажеттілік туғызу.
2. Балаға өзінің мүмкіндіктерін терең ашуға мүмкіндік беретін жағдайларын қамтамасыз ету.
3. Тиімді тәсілдерді таңдау.
4. Белсенді коммуникативтік қарым-қатынас ұйымдастыру.
5. Мониторинг жүргізу.

Мектеп жасына дейінгі баланың әлемінде бұл міндеттерді педагог ойын арқылы шешеді. Баланың тілін дамыту үшін қолданылатын ойын түрлері және олардың мақсаттары туралы жиынтық мәлімет келесі кестеде берілген.

5-кесте. Ойын түрлері және олардың мақсаттары.

Ойын түрлері	Қолдану мақсаты
Лексикалық ойындар	Қарама-қарсы сөздерді, мағынасы ұқсас сөздерді, тақырыпқа байланысты сөздерді табуға, фразаны аяқтау мақсатында қолдануға болады. Карточка арқылы берілетін ойындар, жұмбақтар, сөзжұмбақтар алынады.
Фонетикалық ойындар	Үйренген сөздерін қолдануға, сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрауға, баланың өз ойын жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру үшін қолданылады.
Коммуникативтік ойындар	Бұл ойын түрлері ойынға қатысушыларға тілдің қарым-қатынас құралы екенін сезінуге мүмкіндік береді, тіл қолданысының маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейтеді.
Сюжеттік-рөлдік ойындар	Баланың жас шамасына қарай қызығушылықтарын ескеруге мүмкіндік береді, олардың әрекетінің мәнін кеңейтіп, диалог жасаудың тиімді құралы болып саналады.
Дидактикалық ойындар	Балалардың айналадағы орта туралы түсініктерін жүйелеуге, кеңейтуге, тереңдетуге, қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, зерттеу кезінде педагогтермен жүргізілген сауалнамаларда арнайы тіл мамандары мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне тиімді бірнеше әдістемелерді ұсынған болатын. Тәрбиешілер бұлардың кейбіреуін өз тәжірибесінде қолданады, бірақ жете зерттеп барып қолдануды ұсынамыз. Мысал ретінде, Г. Доманның тақырыптық карталарын қолданғанда, баланың жас ерекшелігіне сәйкес қабылдауына әсер ететін картаның өлшемдері болатынын ескеру қажет.

Р/с	Оқыту әдістемесі	Күтілетін нәтиже
1	Б. Элькониннің дыбыстық-әріптік жүйесі	Фонетикалық-фонематикалық есту қабілетінің дамуын болжайтын оқуға дайындық деңгейі. Ойындардың көмегімен дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуге көмектеседі.
2	Зайцев әдістемесі	Оқыту текшелері мен кестелеріне негізделген сенсорлық дамуды біріктіреді. Баланы ойландыру, талдау және синтез арқылы дамытуды болжайды.
3	Г. Доманның әдістемесі	Тақырыптық карталар кластерін пайдалану визуалды зейінді дамытуға көмектеседі, визуалды қабылдау арқылы заттардың атауын есте сақтауды жеделдетуді қамтиды. Бұл әдістің ерекшелігі, балалар сөздік қорын тез толықтырады. Жетекші сұрақтармен тапсырмаларды оңай күрделендіруге болады.
4	М. Монтессори технологиясы	Монтессори кабинетінің «тіл аймағы» ресурстарын пайдалану.

6-кесте. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудағы тиімділігі жоғары кең таралған әдістемелер.

Жалпы баланың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған жан-жақты көзқарастың негізгі компоненттерінің бірі - контекстік өзара қарым-қатынас деп атап кеттік. Оның себебі, балалар белсенді қатыса алатын ынталандырушы тілдік орта - мағыналы қарым-қатынас үшін маңызды. Яғни, жиі сөйлесуге, балалардың сұрақтарын тыңдап, оларға жауап беруге, балаларды күнделікті өмірге араластырып әңгімелесуге және бала үшін маңызды сұрақтарды олармен бірге талқылауға мүмкіндік береді. Сондықтан, келесі кестеде педагогтер үшін кешенді көзқарасты қалыптастыруға арналған бірнеше ұсыныстар топтастырылған.

7-кесте. Контекстік коммуникация түрлері мен сипаттамалары

Р/с	Түрлері	Сипаттамалары
1	Ынталандырушы дамытушы орта жасау	Балалардың қоршаған ортасын кітаптармен, ойыншықтармен, музыкалық шығармалармен және басқа да материалдармен толықтырыңыз.
2	Балалармен жиі сөйлесіңіз, бай тілдік, сөздік қорды пайдаланыңыз	Балалармен ерте жастан сөйлесуді бастаңыз, тіпті олар өздері сөйлей алмаса да туылғаннан бастап сөйлесуді және эмоциялық қарым-қатынас орнатуды белсенді бастау ұсынылады. Не істеп жатқаныңызды сипаттаңыз, сұрақтар қойыңыз және балалардың сұрақтарына жауап беріңіз.
3	Сұрақтарға жауап беріңіз, баланы жігерлендіріңіз, оған сұрақтар қойыңыз	Балалар сұрақ қойғанда, бұл олардың әлемді үйренуге және түсінуге қызығушылығын танытады. Олардың сұрақтарына шыдамдылықпен және толық жауап беріңіз, сондай-ақ оларды көбірек сұрақтар қоюға шақырыңыз.

4	Күнделікті әңгімелер және талқылауларға балаларды қатыстырыңыз	Балаларды әдеттегі әңгімелер мен талқылауларға қосыңыз. Бұл оларға нақты жағдайларда тілдің қолданылуын естуге көмектеседі.
5	Вербалды емес қарым-қатынасты ынталандыру	Ым-ишара сияқты вербалды емес қарым-қатынас - байланыстың маңызды бөлігі. Балаларды осы вербалды емес сигналдарды қолдануға шақырыңыз, бұл өзінің эмоциясын білдіруге және басқаларды түсінуге арналған құрал.

Балалардың тілді түсінетініне көз жеткізіңіз, бұл уақытты ұтымды қолдану үшін маңызды қадам. Түсіну - бұл адамның когнитивті процеске жауап беруі, яғни оның көмегімен адам қоршаған ортадан ақпаратты қабылдайды және түсіндіреді. Сөйлеуді түсіну - бұл белгілі бір мағынаны білдіретін түсінудің ішкі жиынтығы. Жинақтайтын болсақ, педагогтер үшін оны келесі түрдегі кестеде беруге болады.

8-кесте. Түсіну және сөйлеуді түсінудің түрлері мен сипаттамалары.

Р/с	Түрлері	Сипаттамалары
1	Түсіну және сөйлеуді түсіну Көрнекі түсіну Дедуктивті және индуктивті пайымдау Рефлексия	Мұқият тыңдау Ауызша сөзге назар аудару және оның мағынасын түсіну Оқып берген жазбаша мәтінді түсіндіру және одан мағынаны тарту Көрнекі ақпаратты түсіндіру (суреттер, сюжет және қимылдар сияқты) Заңдылықтарды, байланыстарды анықтау және логикалық қорытындыларды шығару Өзі туралы сыни ойлау
2	Сөйлеуді түсіну Сөйлеуді өңдеу Сақтау және сөйлеуді шығару Сөйлеу прагматикасы Сөйлеу Сөйлеу семантикасы	Сөйлеуді қабылдау Сөйлеу дыбыстарын тану және интерпретациялау, оларды сөздер мен сөйлемдер ретінде анықтау Ауызша сөйлеудің мағынасы мен құрылымын талдау Сөйлеу ақпаратын жадта сақтау және қажет болған жағдайда оны алу Контекст пен вербалды емес сигналдарды түсіну Сөздердің, сөз тіркестерінің мағынасын түсіну

Сонымен қатар, педагогтерге күнделікті жұмыста бірнеше тиімді стратегияларды ескеру ұсынылады:

«Баламен әңгімелесуге дайындық»

1. Мобильді кітапхана, буккроссинг, кітаптар, кітап тізімдерінен нақты ертегі немесе әңгімелерді ұсыну, суреттер, фотосуреттер, ата-аналар чатына мәтін жіберу және т.б. арқылы ата-аналарға үйде балаға оқып беруге тапсырма беру.

Келесі күні, күн бойында балалармен сол тақырыпта сөйлесу және сұрақтар қою, балалардың өзін сұрақ қоюға ынталандыру. Соңында балалардың белсенділігін бағалауға болады, ата-аналармен талқылап, олармен бірге осы тәсілді жетілдіруге болады.

2. Балаларға қызықты, олардың қоршаған ортасымен, өмірімен байланысты тақырыптарды зерделеп, әңгімелесуге сұрақтар немесе қысқа бейнесюжеттер дайындап алу.

3. Балалардың қызығушылықтары, сүйікті ісі, көретін мультфильмдері туралы жеке әңгімелесу арқылы көпшілігіне ұнайтын және қатысатын ортақ тақырыптарды таңдау.

«Орта үшінші педагог»

Топ бөлмесінде, кең рекреация алаңдарында, дәлізде қабырғаларды пайдалы жұмыс құралдарымен безендіру, фетрадан жасалған сюжетті кілемшелерді ілу, оларды толықтыру, сюжеттерін өзгерту арқылы әңгіме өрбіту. Дамытушы аймақтардағы ойындарда коммуникативтік белсенділікті қолдау, диалог құрып ойнауға ыңғайлы ойындарға басымдық беру.

«Баланы кітапқа қызықтыру»

«Балалармен бірге иллюстрациялы кітаптарды қарау, әңгімелесу, кітап суреттерінің сюжетін сипаттау үшін балаларға сұрақтар қою, тыңдау, жетекші сұрақтар қойып отыру. Қызықты кітап оқып беру.

«Жаңа ертегі»

Баланың қоршаған ортасымен байланысты, соны сәтті аяқталатын ертегілер құрастыру, өздерімен бірге ойластырып және сюжетін дамыту.

«Дыбыстар»

Р, С, Ш, Т дыбыстарын қоюға арналған артикуляциялық жаттығулардың қысқа (1-1,5 мин) видеоларымен кейбір ата-аналармен бөлісу. Үйде баламен бірге орындауды ұсыну.

Шетел тәжірибелеріндегі балалардың тілін дамытудағы тиімді әдістер

Сөздік қорын дамыту

Балалардың сөздік қоры жылына 3000–ға жуық сөзден тұратын таңқаларлық жылдамдықпен артып келеді. Дегенмен, сөздік қорын дамыту үшін баланың сөздік қорының көлемін ғана емес, сөздік қорының тереңдігі мен күрделілігін де ескеру қажет.

Мынаған назар аудару керек:

- жаңа сөзді дауыстап айтуды аяқтау.
- сөздің мағынасын ашу.
- сөз бірнеше мағынаға ие болуы мүмкін.
- басқа сөздермен қалай байланысты екенін анықтау
- сөзді көптеген контексттерде қолдану.

Қарапайым әрекеттер

1. Категория: Балалар кезекпен кезек карточканы жиынтықтан таңдайды, кубикті айналдырып лақтырады, содан кейін берілген категориядағы сөздердің саны туралы ойланады.

2. Сұрыптау: Балаларға әртүрлі суреттер беру және оларды әртүрлі критерийлер бойынша сұрыптауын сұрау.

3. Күндегі сөзі: балаларға күн сайын жаңа сөзді егжей-тегжейлі үйретіп, балаларды шақыру.

(және өзің) бұл сөзді күннің әрбір әрекетіне қосу.

4. Бүтіндер мен бөлшектер: "Күнделікті зат" пайдалана отырып, балалар заттың жеке бөлшектерін атайды (мысалы, аяқ киім – бауы, тілі, өкшесі және т.б.)

5. Көркем тіл. Өзінің жеке тәжірибесіне сүйене отырып, балаларға қатысты теңеулер мен метафораларды қолдануға үйрету (мысалы, қоян сияқты қорқақ)

6. Миға шабуыл: Балалар сипаттайтын сөзге сәйкес келетін нәрселер туралы ойлануы керек. (мысалы, тар – жол, өткел, көпір, аяқ, жүгіру, ақыл-ой, шетімен)

7. Зияткерлік карталары. Классификациялық құрылымдарды пайдалана отырып, тақырып бойынша сөздерге миға шабуыл жасау. (мысалы: ағаштар – түрлері, қажеттіліктері, бөліктері, бізге қандай пайдасы бар және т.б.)

8. Жалғасы: Жеке балалардан еш ойланбастан бөлмеден көрген 5 затының атын айтуды сұрайды. Олар өз қабілеттеріне сенімді болған кезде, сын есімді қосып көру, содан кейін сын есімдері бар сөз тіркестерін айтқызу. Көзге көрінбейтін нәрселерді сипаттау арқылы қосымша күрделендіруге болады.

9. Зат есімдерді қолдану: Балалардан зат есімнен бұрын сын есімді немесе зат есімнен кейін үстеуді қосу арқылы зат есімді қосуды сұрайды.

Теннис ойыны: Балалар екі-екіден бөлінеді: бірі - беруші, екіншісі - алушы.

Таймерді немесе қол соғуды пайдалану. Беруші сөзді айтады (мысалы, жапырақ). Алушы бөлінген уақыт ішінде осы сөзбен байланысты сөзді айтуы керек (мысалы, бұтағы), ойын жалғасуда - ағаш, бұтақ, діңгек, бүршік, сабағы, от, аптап ыстық, жаз. . . .

Sипаттау

Сипаттау - маңызды дағды, себебі бұл балаларға алған әсерлері туралы дәл айтуға көмектеседі

Мыналарға назар аудару:

Объектінің атрибуттарына, бір нәрсе туралы әңгіме құрастыру

Қарапайым ұйымдастырылған әрекеттер

1. Бір күннің объектісі: Күннің тақырыбын белгілеу және оның барлығының атын талқылау әртүрлі бөліктердің және олар не үшін қажет екенін айтқызу.

2. Әңгімелесу: "SCUMPS" "Пішіні, түсі, қолданылуы, материалдары, бөліктері және өлшемі" дегенді білдіреді.

Жағдаятты және оқиғаны көрсету немесе жасырын затты табу үшін пайдалануға болатын жақтаулар (рамка).

3. Серіктестікпен сипаттау: Балалар бір-біріне қарама-қарсы және кезекпен жұп болып отырады.

бір-бірінің сыртқы келбетін егжей-тегжейлі сипаттау. Баланың есіне түсіру үшін нені бақылау керек тізімін пайдалану (мысалы, бойы, көздің түсі және т.б.).

4. Кім екенін тап? Бұл ойынды "Далаға шығады..." түрінде қолдану (мысалы, сыртқа шығу үшін). Топқа айту: "Мен кімнің шығатынын ойладым.....", жеке басын болжағанша бет әлпетін, киімін және т.б. сипаттай беру керек.

5. Мен кімін? Бір бала затты таңдап, оны сипаттайды, ал топ бұл не сөз екенін болжауы керек. Еске түсіретін көрнекілік тізімі (мысалы, "SCRUMPS" карталары) пайдалы болуы мүмкін.

6. Feely/Object Bag (Сөмкеде не бар екенін тап): Бір бала сөмкеден затты басқа балалар көрмей қалатындай етіп таңдайды. Бала затты басқалар болжай алатындай етіп сипаттауы керек.

7. Өлше! Топтағы затты таңдап, басқа затпен салыстырып жеткізуі керек. (Мысалы, бұл кітап қарындаштан да үлкен, бірақ мен сияқты үлкен емес. Бұл кітап Саллидің түскі ас қорабы сияқты үлкен деп сипаттайды).

8. Бірдей және әртүрлі: жұпта балалардан заттарды салыстыру сұралады (мысалы, түскі ас салатын қорап, аяқ киім қорабы, сөмкелер) және біреуі бірдей, екіншісі басқаша екенін сипаттау.

9. Мен тыңшымын: Көзге көрінетін затты сипаттау және балаларды сіз сипаттап жатқан нәрсені болжауға, табуға шақыру.

10. Мен не істей аламын: Балалар не істей алатынын сипаттайды (мысалы, жіптің бір бөлігі, балға, сыпырғыш, скотч, күрек).

What could I do with? / Не қолымнан келеді жасау?

Hammer/балға

ball of wool/шыыршық жүн

spade/күрек

Нұсқауларды тыңдау және белсенді орындау

Белсенді тыңдау айтылғанды тыңдауды және маңызды ақпаратты дамытуды қамтиды. Содан кейін бұл ақпарат тиісті жауапты қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Назар аудару:

Нені тыңдау керек?

- Көрнекі матрицаларды қолдану.
- Бірінші, келесі және соңғы сияқты терминдерді қолдану.
- Балалардың басында қандай да бір бейне тудыруға ынталандыру.

Қарапайым әрекеттер

1. Кедергілері бар ойындар: жұптасып балалар бір-біріне тапсырманы орындау бойынша нұсқаулар береді (мысалы, сурет салу, кілемге заттарды қою)
2. Кілемдегі қоңыз. Балалар қоңызды қайда қою керектігі туралы нұсқауларды тыңдайды.
3. Түйінді сөздер. Балалар педагог оқыған әңгімені тыңдап, белгілі бір сөзді немесе есімді (атын) естігенде жауабын береді (мысалға шапалақтау, паракқа нүкте қою).
4. Карталар. Балалар құпияны ашу үшін қарапайым картадағы нұсқауларды қадағалайды.
5. Абсурд. Балалар абсурдты сөйлемдерді немесе абзацтарды тыңдайды және олардың қайсысы абсурд немесе қате екенін анықтайды.
6. Тыңда және сурет салшы: Балалар педагогтің нұсқауы бойынша сурет салуы керек.
7. Саймон айтады: Бір мезгілде 2 немесе 3 нұсқау беру.
8. Бинго ойындары.
9. Болжау ойындары: балалардың болжауы үшін бөлмедегі зат немесе адам туралы 3 немесе одан да көп сыбырлау айтып жіберу. Кеңейту үшін – хайуанаттар бағындағы жануар туралы сыбырлап айтып жіберу немесе ұйымдастырылған әрекеттің тақырыбына байланысты заттарды көрсету.
10. Кедергілер бағыты: Заттарды ретімен қойып дайындау және балалардың әрқайсысына не істеу керек екеніне нұсқаулар беру (мысалы, орындыққа отыру, үстелді айналып өту, төсеніштің үстінен домалау).

Қайталау және есеп беру

Қайталау және есеп беру үйде де, балабақшада күнделікті жағдайларда табиғи түрде пайда болады. Болған оқиғаны әңгімелеуге ұқсас болғанымен, қайталаудың негізгі мақсаты - оқиғалар орын алған реті бойынша өткенді баяндау.

Назар аудару: баяндаудың құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін үйрету үшін жоспарлаушыларды пайдалану; ауызша презентацияларды дайындау үшін мүмкіндіктер беру; презентацияның реттілігін жеңілдету үшін суреттерді пайдалануды қарастыру.

Қарапайым ұйымдастырылған әрекеттер

1. Ескі фотосуреттер/естелік заттар: Балалар фотосуреттерді, нақты заттарды немесе өткен оқиғаларды еске түсіретін кәдесыйлық заттарды пайдалана алады.
2. Балабақшадағы тәжірибені/экскурсияны еске түсіру: балалардың жақын арадағы балабақшада болған оқиғаны еске түсіруін сұрау. Балалардан балабақшадағы соңғы оқиғаны немесе экскурсияны еске түсіруді сұрау. Оқиғалардың хронологиясын сақтау немесе керемет кітап жасау үшін

фотосуреттерді пайдалану және миға шабуыл жасау. Содан кейін балалар оны өз ойларын құрдастарына қайталап айтып беру үшін қолданылады.

3. News Talk: Бұл пайдалы ресурс әрекеттің түрлері және оқиғаларға негізделген жаңалықтармен ақпарат алмасуға арналған көрнекі құралдарды ұсынады.

4. Кітап туралы әңгімелесу: Балаларлар топта үйде оқыған кітабы туралы әңгімелейді.

5. Сөйлейтін тізімдер: Белгілі бір таныс жағдаяттарда қажет болатын заттарды ата. (мысалы, жазғы демалысқа не жинау керек, балабақша ауласындағы ойын жабдықтары).

6. Кез келген жағдайда: Өртүрлі заттарды ескі чемоданға немесе себетке салу. Заттар кездейсоқ немесе тақырыпқа байланысты болуы мүмкін. Жинақты жүйелі түрде өзгерту. Нысанды таңдап, балалардан негізгі сұрақтарға жауап беруін немесе сол зат бойынша сұраққа жауап беруін және тәжірибесі туралы әңгімелесуін сұрау.

7. Түсіндің бе? Түсіндің бе? Жарайды! Бұл әрекетте балалар педагог оқыған қысқаша "әңгімелерді" тыңдайды. Педагог негізгі ойды анықтайды.

8. Дайындалған баяндамалар: Балалар өз таңдауы бойынша тақырып бойынша баяндама ұсынады. Баяндаманы жоспарлау кезінде олар идеяларды жүйелеуге және ұйымдастыруға көмектесу үшін проформаларды пайдаланады.

9. Газет қиындыларын пайдалану: Балалар газет қиындылары негізінде ауызша баяндама дайындай алады. Жазбаша есеп презентацияда немесе балалар фотосуреттерді тақырыпты пайдалана отырып, тақырыпты өздері ойлап таба алады.

10. Фотосуреттер: Екі екіден жұптасқан балалар журналдағы суретпен немесе жеке фотосуретпен жұмыс жасайды. Бір бала фотосуретті бір минут зерттейді, содан кейін оны құрдасына жібереді (фотосуретті жібереді) және сурет бойынша әңгімесін айтады оны досы басқа байқамаған тұстарын көреді, мүмкіндігінше көп мәліметтерді бірге еске түсіреді.

Оқиғаларды әңгімелеу

Балалардың "Оқиғаны әңгімелеу" қабілеті олардың өсіп келе жатқан өмірлік тәжірибесін және дамып келе жатқан қарым-қатынас пен ойлау қабілеттерін көрсетеді. Оқиғаны ауызша әңгімелеу - әңгіме құрастыру қабілетінің маңызды алғышарты. Балаларға әңгімелерге қатысты кеңестерді пайдалана отырып, жиі жаттығуға мүмкіндік берілсе, олар табысқа жетеді.


Төмендегіні ескеру:

- оқиғаны ауызша әңгімелеуді модельдеу
- оқиғаның құрылымын бөліп көрсету
- әңгімелеуді бай тілді қолдану арқылы жүзеге асыру
- уақыт ұғымдары мен күрделі сөйлем құрылымдары бойынша үйретуді жүзеге асыру.

Қарапайым ұйымдастырылған әрекеттер

1. Суретті кітаптар: Балаларды мәтінсіз суретті кітаптарға оқиғалар ойлап табуға шақыру, идеяларды ынталандыру ретінде иллюстрацияларды пайдалану.
2. Суреттер сериясын пайдалану: Әңгімелерден бірнеше иллюстрацияларды таңдап алу (бұл үшін ескі оқырмандарды немесе тозған кітапхана кітаптарын қиып алып, пайдалануға болады). Балалардан суреттерді белгілі бір ретпен орналастыруды сұрау. Кезекпен балалардан әр иллюстрацияға сәйкес сөйлем немесе абзац айтуды сұрайды.
3. Қуыршақтар: Қуыршақтарды таныс оқиғаларды сахналау үшін пайдалану.
4. Тақырыптық оқиғалар: Балаларды оқиғаға тақырып таңдауға шақыру. Мүмкін бәр кейіпкерлер динозаврлар немесе оқиға сиқырмен байланысты болуы мүмкін.
5. Сипаттамалық оқиғалар: Көптеген сипаттамалық сөздерді қолдана отырып, балаларды оқиға құрастыруға баулу. "Қыз итті қуды" Қыз нүктелі көйлек киген ханшайымға айналып, жолдың арғы жағындағы үлпілдек сары итті қуа бастады". Мұндай оқиғаларды суреттеу әсіресе қызықты.
6. Оқиғаны қайталау: Балалармен бір оқиғаны бөліскеннен кейін оны көрнекі құралдар (суреттер, киіз тақталар, реквизиттер) арқылы қайталап айтып беру немесе оны сахналау.
7. Оқиғаны өзгерту: Балалар таныс оқиғаны қайталай алады, бірақ бір маңызды элементті өзгерте алады (мысалы, жағдай, кейіпкерлер, мәселе және шешім).
8. Оқиға бойынша еске түсіретін карточкалар: Оқиғаның әртүрлі элементтері бейнеленген түрлі-түсті карточкаларды дайындау - кейіпкерлер, жағдай, мәселе, шешім. Балалар әр элементтен карточкаларды таңдап, барлық элементтерді қамтитын әңгіме құрастырады.

Балалардың нарративтік (баяндау) қабілетін дамытуға арналған оқиғалар тізбегі



9. Болған оқиға: балалар оқиғаны басқа адамның немесе жануардың көзқарасы бойынша баяндайды. Тышқан, қозы, күшік, ұлу немесе басқа жеңіл

басқарылатын жануар топқа үй жануары ретінде енгізіліп, ауызша әңгіменің көзіне айналуы мүмкін.

10. Идеялар қорабы: Балалар оқиға құрастыру үшін таңқаларлық, ғажайып ерекше заттардың жинағын жинау (мысалы, киім бөліктері, таяқ, т.б.) немесе оқиғаға негіз болатын қызықты суреттер пайдалана алады. Ересек топтағы балалар үшін қызықты бастамалары бар идеялар жәшігін немесе олар тандай алатын әңгіме тақырыптарын алу.

11. Кейіпкерлермен сұхбат: Әңгімені бірнеше рет оқығаннан кейін тыңдаушы балалардың бірі өзіне рөлді алады. Ал топтың басқа мүшелері кейіпкерге қатысты сұрақтар қояды. Сұрақты құруға көмектесу үшін "кім, не, қашан, қайда, неге, қалай" деген кубикті лақтырып отыруға болады.

12. Бақытты бас киімдер: Балалар бас киімді таңдап, "Кім кие алады" оны...? Қашан кие алады, оны...? Оны қайда кие алады, оны...? және т.б. Сұрақтар қою және оларға жауап беру

Сұрақтар ойлау стратегияларын үйрету және дамыту, әлеуметтік мәселелерді шешу және жоспарлау үшін маңызды. Сұрақтардың кең ауқымын және олардың қалай қолданылатынын көрнекі түрде үйрету математикалық тапсырмаларды түсіну мен шешуді оқуды жеңілдететін жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамыту үшін маңызды.

✓ *Назар аудару:*

- баланың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес сұрақтарды таңдау;
- балаларды сұрақ қоюшы рөлін атқаруға ынталандыру;
- балаларға білетінен дамудың келесі кезеңіне өтуге көмектесу үшін сұрақтарды қолдану;
- ақпаратты өңдеуге көбірек уақыт беру үшін сұраққа жауап беруге ұзағырақ уақыт беру керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуіндегі нарративтік қабілетін дамыту әдістемесі

Тіл дамуының кешеуілдеуінің алдын алуда мектеп жасына дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету, қабылдауы, есте сақтауы және қиялы бойынша әңгіме құрастырудың маңызы зор. Оның бір жолы әлемдік тәжірибеде қолданылып жүрген балалар нарративі негізінде дамыту болып табылады. Латын тілінен аударғанда "narrare" – тілдік акт, ауызша баяндау. Нарратология тұрғы сынан ауызша және жазбаша баяндау арқылы адам өмір жолындағы оқиғалардың тізбегін құрады, олардың себеп-салдарлық байланысын айтып және түсіндіреді. Нарратив болған оқиға туралы және әрқашан өзіндік дамуы бар оқиғалардың келесі себептері туралы баяндауды білдіреді; ол тек іс-әрекеттің сюжеті мен дәйектілігін ғана емес, сонымен бірге кейіпкерлердің іс-әрекетін, уақытын, идеялары мен мотивациясын қалай қабылдауды қамтиды. Балалар нарративін зерттеу бастапқыда социолінгвистер В.Лобов жасаған құрылымдар негізінде дами бастады. Ғалым өз жұмысында әңгіме бір немесе бірнеше уақытша ауысулармен бөлінген немесе біріктірілген

екі немесе одан да көп нақты баяндау өрнектерінің қатары екенін сипаттады. Қазіргі уақытта нарратив немесе оқиға туралы әңгімелеу кезінде бұл терминді қарастырудың әртүрлі тәсілдері жиі кездеседі. Әңгіме нақты немесе қиялдағы өмірді сипаттайтын бірқатар оқиғалардың тілдік көрінісі ретінде анықталады. Олар ғылыми әдебиеттерде нарративке берілген анықтамаларға ортақ нәрсе, ол әңгімеде әдетте оқиғалардың сипатталатынын атап өтеді. Сонымен қатар, әңгімедегі оқиғалар уақыт тізбегінде және олардың себеп-салдарлық байланысы бар тыңдаушыға айтылуы маңызды деп саналады. Мектеп жасына дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігі кейінгі мектепке жеңіл бейімделуінің бір көрсеткіші болып саналады. Осыған сүйенсек, балалардың дамуы үшін нарративтік қабілеттерінің маңыздылығын анықтау елімізде өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Атап айтқанда, балалар әңгімесінде қандай когнитивтік құрылымдар байланысты болатындығын түсіну, сөздік қорына, өз ойын жеткізуде қаншалықты маңызы бар екендігін анықтау. Бұл мәселе өзектілікке ие болуда, себебі нарратив – өзінің субъективті ұстанымын білдіру нысандарынан тұрады. О.А.Шьянның мақаласында А.Козулиннің пікірін келтіреді, «қазіргі білім берудің фокусы – баланың шынайы субъект болу қабілетін дамыту («agency») өзінің жеке білім беру қызметінің қайнар көзі болып табылатын оның өмірі». Ал нарратив осы талаптарға толық жауап береді: бала өз әңгімесінде өзі «қиял әлемін жасайды». Әңгімелерді уақыт пен себеп-салдар байланысына байланысты оқиғалар тізбегін білдіретін дискурс бірліктері ретінде анықтауға болады. Уақыт әдепкі қатынас болып табылады және сипаттамаларға немесе сценарийлерге тән (Нельсон), оқиғалар арасындағы себеп салдарлық байланыс жақсы құрастырылған әңгімелер үшін өте маңызды (Stein, N. L., & Glenn, C.). Мектеп жасына дейінгі балалардың нарративтік қабілетін дамытудың түрлі бағыттарын, тәсілдерін әлемдік деңгейдегі зерттеулерде кеңінен қарастырып талдаған. Солардың бірнешеуіне тоқталайық. Ерте жастағы балалардан әңгімелеудегі қиындықтарын жеңу үшін (Bloome, D., Champion, T., Katz, L., Morton, M. B., & Muldrow), нарратив зерттеушілері кенеттен шыққан қойылымдарды жазып алудан бастап, оқиғаның суреттері арқылы (Jalongo, M. R.) қолдануды көрсеткен. Кейбір зерттеулер оқиғаны құру үшін ықпал ететін контекст ретінде шығармашылық ойынға сүйенді. Бұл зерттеулерде әрекет балалардың нарративіне драмалық компонент ретінде кешенді қарастырып, оларға әңгімелерді ойнауды ұсынған (Jalongo, M. R) немесе әңгімелеуді жеңілдету үшін ойыншықтарды қолданған (Boston, MA: Allyn and Bacon. McCabe, A.). Ресей ғалымдары (Н.Е.Веракса, И.Б. Шиян, О.А.Шьян, Н.М.Юрьева, Е.С. Ощепкова және т.б.) балалар нарративі, оның құрылымы, әдістерін, көпшілігінде балалардың сурет салуымен, картина арқылы нарративтік қабілетін байланыстырып сөйлеуін дамытудың әдістемесін әзірлеген.

О.С. Ушакова мен Е. Струнинаның зерттеуінде балаларға ертегі ойлап тауып, оған ат беру ұсынылды. Тапсырманың орындалуы мынадай көрсеткіштер бойынша бағаланды: 1) ертегі мазмұнының айқындылығы; 2) атаудың

мазмұнына сәйкестігі; 3) құрылудың қисындылығы, аяқталуы; 4) сөйлеудің грамматикалық дұрыстығы; 5) тілдік мәнерді пайдалану қаражат. Баяндаудың құрылымдық жағы оның қисындылығы бойынша бағаланады, мұнда зерттеу авторлары мынадай параметрлерді бөліп көрсетті: оқиғаның берілу жүйелілігі – басы, ортасы, соңы, сондай-ақ бүкіл әңгіменің және оның соңының атауымен арақатынасы.

Н.Е.Вераксаның және О.М.Дьяченконың «Мектеп жасына дейінгі балалардың мінез құлқын реттеу тәсілдері» мақаласында сипатталған зерттеулері біздің ерекше қызығушылығымызды тудырды. Авторлар баланың құрылымы жағынан күрделі ертегіні шығарған кезде қандай когнитивтік құрылымдар іске қосылатынына мән береді. Ынталандыру материалы ретінде балаларға симметриялық-асимметриялық сипаты бар ертегі ұсынылды: екі кейіпкер (біреуі жағымды, екіншісі жағымсыз) ертегідегі кейіпкерлерді кездестірдік, бірақ өздерінің бейнесін қарама-қарсы ұстады: бір кейіпкер өзін мейірімді, екіншісі – өзімшіл болып көрсетті. (Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі). Балаларға әңгімені қазіргі өмірге бейімдеп «Баяғыда еңбекқор бала мен жалқау бала болыпты» деп бастап жартысын ғана айтып бердік, олар кейіпкерлердің қарама-қайшы екенін біліп, олардың біріншісінің жолдағы оқиғасын тыңдадық. Одан кейін балаларға антиципацияға тапсырма берілді: олар ертегінің жалғасы қандай болатынын болжауға тиіс болды. Зерттеу барысында қарсы тұру кезінде тек қана балалар көбінесе нормативтік құралдарға жүгінген (ол кезде оқиғаның реттілігін болжай алатын), басқалары – жағдайды өзгерту құралдарына (сол кезде олар қаһармандар әрекеттерінің қарама-қарсы сипатын болжап отырды: біреуі қарама-қарсы адамға көмектеседі, екіншісі – жоқ және т.б., үшіншісі – символикалық құралдарға (олар тұтастай алғанда мынаны түсінді: бір кейіпкер жақсы әрекет етеді, екіншісі нашар, бірақ нақты болжай алмады). Біздің бұл зерттеуден түйіндегеніміз, ересектердің жетекші сұрақтарының көмегімен ғана оқиғаны құрастыра алатындығына көзіміз жетті. кітаптың иллюстрациясын, мнемокесте, В.Я. Пропп әдісін[31] қолданған кезде, балалар бастапқыда оның мазмұнына түсініктеме бере отырып (Асан мен Үсеннің басынан өткен оқиғалары), сосын болашақ әңгімесінің сызбасын құрады (Асан мен Үсен ойнап кетсе, ауылы көшіп кетіпті. Асан мен Үсеннің көңіл күйлері. Үсеннің тапқырлығы. Асан мен Үсеннің тамақ табуы. Үсеннің от жағуы. Ауылдарын табуы). Осындай ұйымдастырылған әрекеттің нәтижесінде балаларда сызба бойынша сөйлеудің сүйемелдеу деңгейі жоғарылады. Сурет оқиғаны құру құралы ретінде әрекет етеді, бірақ сөйлеуді жоспарлау мұны одан сайын жақсартады. Осыдан кейін «Оқиға құрастыру» әдістемесін (А. МакКейб) пайдаландық. Балаларға болған оқиғалар туралы өз өмірлерінен әңгімелер айтуды ұсындық, бұл әңгіменің бұл түрі (басқа біреудің әңгімесін немесе суреттегі әңгімені қайталаудан айырмашылығы) балалардың әңгімелеу қабілеттерін көрсетеді. А. МакКейбтің балалардың әңгімелерінің даму деңгейлері, олардың әрқайсысы белгілі бір құрылымды қамтиды жеті деңгейін басшылыққа алдық. Олардың әрқайсысына сипаттама беретін болсақ, өзіндік

ерекшелігі бар. Мәселен, әр жас кезеңдеріне байланысты сатылап жүргізілуі қажет. 1. One-event Narrative «Бір оқиғадан тұратын әңгіме» – тек бір әрекетті қамтитын әңгіме. (Үш жаста) 2. Two-event Narrative «Екі оқиғадан тұратын әңгіме» – екі әрекеттен тұратын әңгіме (3-3,5 жас) 3. Miscellaneous Narrative «Аралас әңгіме» – бұл әңгіме, онда аталған оқиғалар жалпы тақырыппен байланысты емес. Бұл 3 жастан 6 жасқа дейінгі барлық балаларда кездеседі. 4. Leap-Frog Narrative «Секіру.» – оқиғалар ортақ тақырыппен байланысты әңгіме, бірақ дәйектілік пен себеп-салдарлық байланыстар бұзылған Мысалы: Бақа туралы әңгіме (4 жас). 5. Chronological Narrative «Хронологиялық әңгіме» – оқиғалар тізбегінен тұрады эмоционалды шыңы, шарықтау шегі жоқ әңгіме. Ол барлық жастағы балаларда кездеседі. 6. End at High Point Narrative «Оқиға шарықтау шегінде аяқталады» - шарықтау шегінде оқиғаның шыңымен аяқталатын әңгіме (5 жастағы) . 7. Classic Narrative «Классикалық тарих» – шарықтау шегінен кейінгі оқиғалар бар әңгіме-оның шешімі және оқиғаның аяқталуы (6 жастан бастап). Осы бағыттағы жұмыстар мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілді.

Шетел зерттеушілері Stadler and Ward, Applebee, Stein and Glennдің [11] деңгейлеріне де талдау жасадық. Applebee орталықтандырудың (тақырыпқа назар аударудың) және тізбектегі (оқиғалар тізбегі) маңызды элементтеріне негізделген алты дамушы баяндау деңгейін ұсынды [35]. Бұл деңгейлер 2-ден 6-ға дейінгі жастағы балалардың әңгімелерінің қалай дамитынын түсіну үшін Стан мен Гленннің әңгімесін дамыту моделі ең қолайлы деп саналады [11]. Екі модельде әңгіме грамматикасының элементтеріне және еуропалық әңгімелеу дәстүріне негізделген. Аталған авторлардың әдістемесін негізге алып еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдағы 4-6 жас аралығындағы баланың әртүрлі әңгімелерін жинау және зерттеу үшін пилоттық зерттеулер жүргіздік. Он бір баланың әдетте дамуы жеткілікті, ал үшеуіне сөйлеу немесе тілдік бұзылулары бар, қалғандары бір қалыпты деген диагнозы қойылды. Әр бала бір түпнұсқаны айтып берді және оны құрдастарының шағын тобына қайтадан айтып беруі қажет. Содан кейін әрқайсысы басқа түпнұсқаны айтып беруі қажет болды. Бұл әдістемелер бойынша бес деңгейлі бойынша жұмыстар жүргізілді. *Ең алғашқысы — таңбалау (Labeling)* . Осы кезеңдегі әңгімелер белгілермен және қайталанатын синтаксиспен сипатталады әр түрлі сәтті сипаттайды және әңгімеде байланысты емес ойлары да кездеседі. Жеке баяндауды құру және ұсыну аудиториясы Техника Бала атайды: (суретті көрсету) "мысық". Ересек: "иә, ала мысықты бояй ғой " баланың заттарды қолымен ұстап сезінуі және таңбалауы үшін ғажайып дорбаны пайдалану. Баладан суреттегі бейнелерді түсіндіруді сұрау ересек адам баланың қызығушылығына жауап ретінде суреттерді атайды және сипаттап береді мысалы: "бұл кім?"бұл не? Олар не істеп жатыр? деп сұрақ қойып, -өзінің әңгімесін құруды ұсыну "Me Bag" жобасын қолдану (Догерти) балалар ата-аналардың көмегімен таңдалған заттарды әкеледі. Бұл жеке үшін оқиға құруда мнемотехниканы қолдану. *Листинг (Listing) екінші деңгей-тізім құру.* Осы кезеңдегі әңгімелер қабылдау атрибуттарының тақырыпты ашатын

кейіпкерлердің әрекеттері немесе сөздері. Бұл оқиға заттардың, кейіпкерлердің әрекеттерінің тізімі алдын-ала берілгенімен, олардың арасындағы уақытша немесе себеп-салдарлық байланыстарсыз тізім түрінде айтылады.

Тізімін құру, өзара әрекеттесуді қолдау стратегиясы (Listing) балаларға жабық сұрақтар қою. 'хайуанаттар бағында не көрдің?' және ашық сұрақтар 'хайуанаттар бағына сапарың туралы айтшы'. Жеке әңгімелердегі әрекеттердің үлгі тізімі. Күннің соңында ақпараттық бюллетень жасау үшін балалар сөздерін пайдаланып оқиғаларды шолу. Әр түрлі жанрдағы тақырыптық кітаптарды оқу. Кейіпкерлердің сипаттамаларын балалардың тәжірибесімен байланыстыру үшін сұрақтар қою, мысалы: "кемпірқосақ балығын" не ерекше етті? Сен қандай нәрселермен бөлісесің? (The Rainbow Fish, Pfister, 1992). Мейрамхана сөздігі", «аш», "мәзір", "салат" және "гамбургер" сияқты байланысты нысандар мен ұғымдарды топтастыруға шақыру. Педагог сөздікті қолдануды модельдейді «Бақа» жобасын жүзеге асырудемалыс күндері үйге ата-ана арына арналған жазбасы бар. Жұмсақ бақа жіберіледі, онда олар бақаның шытырман оқиғаларының сипаттамасын жазуды сұрайды. Содан кейін бала «Бақаның басынан кешкендері орталық кейіпкер болатын оқиғаны айтады. Кейбір жерлерінде байланыс болмайды. Сондықтан келесі кезеңге көшеміз. *Байланыс – бұл біздің үшінші кезеңіміз.* Осы деңгейдегі әңгімелер байланысты кейіпкерлерді немесе оқиғаларды байланыстыратын кейіпкерлердің әрекеттерімен ортақ тақырыпты ұсыну.

Дауыстап оқу немесе бірге кітап оқу Символдық ойынға жетешілік Жеке баяндау және аудитор яға ұсыну кейіпкерлерді оқиғалармен байланыстыру үшін сұрақтар қою керек, мысалы: "Неге ұя жасайды сонша жағымсыз нәрселер?" (Шулы шұңқыр, Уэллс) миниатюралық заттарды сындарлы ойын аймағына қосу "сөйлесу уақыты" кестесін беру (Селман): педагог балалар мен бірге тамақ ішіп отырғанда тақырыпты ұсынады және әр балаға өз үлесін қосуды ұсынады. Ересек адам балалардың әрекетін кеңейтеді және байланыстырады. *Әрекеттердің бірізділігін қолдау стратегиялары төртінші кезең.* Себептері мен салдары туралы сұрақтар қою: 'неліктен шынжыр табан соншалықты аш болды?' ("The Very Hungry Caterpillar", Карл, 1969) әрекеттер тізбегі туралы сұрақтар қою, әрі қарай не болғанын айту. Құрдастарын кейіпкерлердің әрекеттерін талқылауын ынталандыру. Сурет салу немесе штамптау сияқты кинестетикалық әрекеттерді ынталандыру.

Кейіпкерлері бар жинақталған кітаптармен бөлісу. Қолмен жасалған, жиналған немесе зерттелген заттарды көрсетуге және айтуға шақыру. *Наративтілігін қолдау стратегиясы бесінші кезең.* Педагог қуыршақтар, заттар немесе сюжеттік ойыншықтар арқылы әңгімелер айтып, оқиға элементтерін көрсетеді. Тыңдау кезінде балалар әңгімелерге суреттер салады. Болжам жасау үшін сұрақтарды пайдалану. Подносқа оқиға элементтерін бейнелейтін кішкентай көлемді заттарды орналастыру. Графикалық карталар-әңгімелер жасау. Сөзі жоқ суретті кітаптарды пайдалану. Оқиғаның басталуын қамтамасыз ету. Ұйымдастырылған әрекет туралы әңгімелер жазу. Ертегілерді

болжамдылықпен, уақыт тізбегімен және себеп/ салдармен оқып беру. Ертегілерді болжамдылықпен, уақыт тізбегімен және себеп/ салдармен оқып беру. демалыс, маусымдық іс-шаралар немесе топтық сапар сияқты жеке тәжірибелерден әңгімелер айтуға шақыру, оларды жұп та, шағын топтарда немесе шеңберге бөлуге болады

Тілдік оқытуда KIKUS әдістемесін қолдану

1998 жылы неміс лингвист, профессоры Эдгардис Гарлин ойлап тапқан ғылыми негізделген көптілділік «KIKUS» (Kinder in Kulturen und Sprachen) әдісі. Бұл аталған әдіс 20 жылдан астам Еуропа елдерінде тәжірибеден өтіп, қолданысқа енгізілген. Тіл үйретудің бұл әдісі қазақ тілін тереңдетіп меңгеруге және де өзге ұлт өкілдері балаларына қазақ тілін үйретуге арналған таптырмас құрал болып отыр.

Бағдарламаның мақсаты:

- балалардың сөздік қорын дамыту.
- балалардың сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын жетілдіру.
- балалардың мәдени аралық қарым-қатынасын және түсіністігін арттыру.
- балалардың өзіне деген сенімділігін және әлеуметтік дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- Тілге деген тиянақты, мүдделі көзқарасты және құрмет сезімін қалыптастыру, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу.
- Балалардың карточкалардағы суреттің ретімен әңгімелеп беруіне деген қызығушылығы артады.
- Балалармен жұмыста қолданатын тәсілдерін игереді,
- Балалардың сөздік қоры толығып, байланыстырып сөйлеуге үйренеді.

KIKUS бағдарламасының компоненттері

Оқыту материалдары:

Сурет карточкалары, ойындар, жаттығулар мен әндер. Тіл үйренуге арналған арнайы әзірленген кітаптар мен ресурстар. Бағалау жүйесі:

Балалардың тілдік прогресін бақылау үшін түрлі тесттер мен бағалау құралдары. Әр баланың жеке тілдік деңгейіне сәйкес келетін жоспарлар жасау.

«KIKUS» бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

Мультитілдік қолдану: Бағдарлама кез келген тілдік ортадан шыққан балаларға жарайды. Аталған бұл тіл үйрету әдісі балалардың ана тілін қолдай отырып, жаңа тілді де үйренуге мүмкіндік береді. Яғни бала белгілі бір деңгейде суреттер арқылы сөйлем құрауға машықтанады.

Тілді үйренуге қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, белгілі бір іс-қимылға негізделген суретті карточкалар, боямақтар, салыстырулар және басқа да визуалды құралдар қолданылады. Сөздер мен түсініктерді бейнелеу арқылы балалардың тіл үйренуін жеңілдетеді. Ұйымдастырылған іс-әрекет

ойын түрінде өтетін болғандықтан баланың тілді меңгеруге деген қызығушылығы арттырады. Тіл үйренуді көңілді және қызықты етеді. Бала өзін еркін сезінеді. Яғни бала өзі білетін суреттерді қою арқылы еркін сөйлем құрай алады.

Қарқынды интерактивтілік:

Балалар топтық жұмыс және диалог арқылы белсенді түрде қатысады. Тілдік дағдыларды шынайы жағдайларда қолдануға ынталандырады. Сонымен қатар, суреттерді өзінің түсінігі бойынша суреттеп, әңгімелеуге бейімделеді.

Отбасылық қолдау: Балаға тіл меңгеру оңай әрі тиімді болуы үшін ата-аналармен де жұмыстар жүргізіледі. Тілді үйрету мақсатында ата-аналарға арналған нұсқаулықтар мен кеңестер беріледі. Балалардың үйде тіл үйренуін жалғастыруына көмектеседі.

Сөйлем құрастыруға арналған карточкаға тоқтала кетсек, ұлттық киімдегі ұл баланың әрбір жолдағы көрсетілген іс-қимылдарды қолдана отырып сөзден сөйлем жасауға үйренеді. Мысалы, Мұрат киініп жатыр. Мұрат шашын тарап тұр. Мұрат оянды. Мұрат жуынып жатыр. Мұрат сурет салып тұр. Мұрат жүгіреді. Бұл жерде бала екі-үш сөзден сөйлем құрап үйренеді және күнделікті өмірде іс-қимылдардың атауын қолдана алады.

Түстер. Қандай түстерді көріп тұрсың? Ата-анаңмен бірге боя. Бұл тапсырманы үйге беруге болады. Балабақшада түстерді үйрену арқылы есіне сақтағанын үйінде жалғастыруға болады.

Қатардағы артық затты табу, атау. Бұл тапсырмада топтастыру керек, яғни ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар.

Боямақтар. Бұл тапсырмада жануарлар, құстар, жемістер, көкөністер, жидектер, өсімдіктер, жәндіктер, ойыншықтар, азық-түлік, ыдыс-аяқ, киімдер, ұлттық киімдер суреттері берілген. Аталған боямақтарды сәйкес түстеріне қарай бояп, түстерді ажыратады және біледі. Бұл тапсырмада ұсақ қол моторикасы да есепке алынады.

Кеңістікті бағдарлау

«KIKUS» тіл үйрету әдісі түрлі сурет картасына негізделген. Олар әртүрлі мотивтерді көрсетеді. Балалар әлеміне қатысты тақырыптар негізінде сөздік қорын қамтиды. Барлық сурет карталарын түрлі-түсті сурет ретінде, ақ-қара сызықтық сурет ретінде, сондай-ақ қаріп ретінде пайдалануға болады. Мұндағы карталар белгілі бір іс-әрекетке негізделіп жасалған, өзге тілді үйренуіне сансыз мүмкіндіктер жасалған. Яғни бала түрлі суреттерді сөйлету арқылы сөйлемдер құрай алады. Мәселен төменде көрсетілген кестелі суретке қараңыз. Яғни бала мұнда бірнеше сөзді меңгеріп, сөйлем құрай алады.



Бұл аталған Германия, Англия, Түркия, Испания, Ресей елдерінде тәжірибеден өтіп, қолданысқа енгізілген. Тіл үйретудің бұл әдісі қазақ тілін тереңдетіп оқытумен қатар, өзге ұлт өкілдері балаларына үйретуге де қолайлы.

Бұл «KIKUS» тіл үйрету әдісінің ең бір тиімді тұсы педагогпен ата-ана бірге жұмыстанады. Ата-ана интуитивті түрде өз баласына не керек екенін түсінеді, сезеді. Яғни ата-ана тіл үйретуде ыңғайлы, бағдарлама іздейді. 3-10 жас аралығындағы балаларға ерекше қолайлы тілдерді үйрену ұғымы яғни екінші тіл, ана тілін қолдау болып табылады.



Мұнда басты назар ауызша тілді үйретуге бағытталған. 1998 жылы неміс лингвисті Эдгардис Гарлин тәжірибе жүзінде енгізген бұл бағдарлама осы кезден бастап үздіксіз кеңейтіліп, жаңартылып, дамып, тың креативті идеялармен толығып келеді. Яғни баланың ерте жастан тілді меңгеруін жеңіл және оңай жолмен үйретуді көздейді.

Ата-ана педагогтің баламен жұмыстанатын карталарын үйіне де алып баламен үйде де жұмыстануға мүмкіндік бар. Концептуалды түрде балалардың алғашқы тілдік, сөздік қорларын қамтитын суретті

карталар барлық салаларға арналған. Яғни отбасы, азық-түлік, көкөністер мен жемістер, үй жануарлары, ферма –хайуанаттар бағы жабайы жануарлары, асхана ыдысы, тұрмыстық техника, жиһаз, музыкалық аспаптары, көлік құралдары қоршаған орта, кескіндер, пішіндер, сандар, белгілер бар. Етістік, зат есім, сан есім сын есімдер сипаттамалар сызықтық сызбалар түрлі-түсті болады. Бұл тақырыптар шынайы балалармен жұмыс жасағанда балаларға таныс дүниелерді суреттер арқылы көрсетіп, сөйлем құрауына жағдай жасайды. Әрине бұл кезеңде ата-ана тарапынан да баламен жұмыс жасау маңызды болып табылады. Яғни бұл:

- 20 жылдан астам тәжірибеден іске көшкен бағдарлама;
- ата-аналармен жұмыс;
- интеграциялық үйлесім;
- лингвистикалық және педагогикалық принциптер сақталады;
- мақсатты және күнделікті тілдік қарым-қатынас байланысады;
- тіл меңгеру дағдыларына арналған 11 ойын әні;
- түрлі тақырыптағы қимыл-әрекетті бейнелейтін суретті карталар;
- қиындықсыз оңай тіл үйрену.

«KIKUS» тіл үйрету әдісі ғылыми тұрғыда негізделіп, атап айтқанда функционалдық прагматикада жүзеге асырылды. Сөйлеуді өзара әрекеттесудегі адам әрекетінің маңызды формаларының бірі ретінде түсіну арқылы әрекет ету. Яғни нақты мақсаттарға қызмет ететін лингвистикалық әрекет заңдылықтарын алу арқылы жүзеге асады. Іс-әрекеттің лингвистикалық

заңдылықтары (мысалы, шақыру, сұрақ-жауап, (наррация) өзара байланысқан оқиғаларды оқырман, не тыңдарманға сөздер мен бейнелер (образ) арқылы жеткізеді т.б.) әр түрлі қоғамдар мен тілдерде әр түрлі формаларға ие болады (бір-бірімен сәлемдесудің немесе сый-сияпат берудің әр түрлі нұсқаларын ойластырады). Тілді меңгеру барысында іс-әрекеттің лингвистикалық заңдылықтары «толығыады», әрі қарай лингвистикалық құралдармен дамиды. Мұны тіл үйрету кезінде ескеру керек. Мәселен мына төмендегі кестедегі суретті карталар арқылы бала бірнеше сөзді меңгеруге болады.

					
Орындық	қызыл	отыру	үстінде	үш	Қосу
зат есім	сын есім	етістік	сөйлем (пропозиция)	сан нөмірі	мінезі

Тиісті суреттерді таңдау арқылы осыған ұқсас кестелерді дайындауға болады. Төменде бірнеше мысалдар берілген:

		
Жанында	ішінде	арасында

		
Секіру	жүзу	ұшу

Бұл тіл меңгерту әдісі бағдарламасының миссиясы жалпы балалардың ерте жастан тілді меңгеруі болашақта көп мүмкіндік беретінін алға тартады. Тіл мен білімді әлемнің барлық балалары үшін қолжетімді етуі, осылайша оларды сөзсіздіктен арылтып, тіл үйренуге еркін ендіру. Осылайша балалар өздері өмір сүріп жатқан қоғамға кірігудің маңызды құралын меңгерту. Практика жүзінде тіл үйретуде көптеген елде қолданыста жүрген «KIKUS» бағдарламасының тиімділігі жоғары екені дәлелденген, сондықтан педагог-практиктерге танысу мақсатында ұсынамыз.

КІКУС бағдарламасындағы педагогтерге арналған бақылау парағының үлгісі

№	Баланың аты-жөні	Заттың орналасу тәртібін ажыратады	Іс-әрекет түрлерін ажырата алады	Берілген үлгі бойынша түстерді ажырата алады	Заттарды салыстыра алады	Артық, кем ұғымдарын біледі	Суреттерді ретімен қояды	Сурет бойынша сөйлем құрап, сөздерді байланыстырады	Қорытынды: III - «жоғары» II - «орташа» I - «төмен»

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудің бірден бір жолы оған деген қажеттіліктің артуы. Ал, ол сұранысты толықтыратын білімді, білікті педагогтарымыз.

Қазіргі таңда интернет кеңістігі балалар өміріндегі аса маңызды мәселеге айналды. Баланың күнделікті өмірі телефонмен өтеді, оны ешкім жоққа шығара алмайды. Балалардың денсаулығына және санасына әсер етеді. Балаға жылулық, қарым-қатынас, байланыс қажет. Сондықтан осы бағдарламаны қолдану барысында бала телефонға деген қызығушылығы мен тәуелділігі кеми бастайды. Себебі, бала түрлі-түсті карточкаларға, интерактивті тақта қолдану аясында педагогпен тілдік қарым-қатынас жасайды, сөзден сөйлем құрастырады, пішіндерді, математикалық ұғымдарды, кеңістікті салыстыру, ұқсастықтарын табу, түстерін табу, көрсету, айту арқылы сөздік қорын дамытады, ойлау процесін жетілдіреді, еркін сөйлеуге дағдыланады.

«Балалықтың қанына ойын азық» (С. Торайғыров)

Баланың өсіп-өнуінде ойынның мәні зор. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалар өмірінде ойынның атқаратын орны айрықша. Қай заманда қай халықтың өмірінде болсын мектеп дейінгі жастағы балалар мүмкіндігінше, шамасына қарай ойын ойнайды. Осы бір шақты ескергендіктен мектепке дейінгі шақты ойын баласы деп халық тегін айтпаған.

Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу қызметінің өн бойы ойын әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Себебі, бала оқу қызметін оқығаннан гөрі ойын ойнағанды қалайды, зейіні тұрақсыз, бір іспен ұзақ уақыт шуғылдана алмайды. Бала ойынмен өседі. Ойында баланың қарым – қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез – құлық қалыптасады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық, мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік сезімтал тұлға болмақ.

«Марблс тастары» әдісі арқылы баланың тілін дамыту



Мектеп жасына дейінгі балалардың «**Марблс тастары**» әдісі арқылы тілін дамыту дегеніміз не?

Марбл тастары дегеніміз: (ағылшын тілінен marble, «мәрмәр») – бұл түрлі-түсті шар, сопақ немесе дөңгелек пішінді жалпақ тас түріндегі сферикалық ойыншық.

Марблс тастары сенсорлық даму үшін қызықты, қолжетімді, табиғи және көп қырлы материал болып табылады.

Балаларды тастармен ойнату арқылы жаңа нәрсе жасау, математиканы зерттеу, сөйлеуді, шағын моториканы дамыту, қабылдау және логикалық ойлау тұрғысынан қолдану туралы тың ойлар пайда болады.

Сыртқы қарапайымдылығы мен қолжетімділігіне қарамастан, Марблс тек математикалық және танымдық даму саласы бойынша бірқатар міндеттерді шешуге ықпал етеді:

- сенсориканы дамытады;
- шама, форма, түс, сан туралы ұғымдарды бекітуге ықпал етеді;
- салыстыру, жіктеу, топтастыру, белгісі бойынша кезектестіру, талдау іскерліктерін дамытады;
- реттік және сандық есеп дағдысын дамытады;
- ырғақ, түстер, композиция сезімталдығын дамытады;
- кеңістікте, қағаз парағында бағдарлаудың дамуына ықпал етеді;
- қолдың ұсақ моторикасын, қозғалыстың дәлдігі мен өнімділігін дамытады;
- қиял мен шығармашылықтың дамуына ықпал етеді;
- дербестігі мен бастамашылдығын дамытуға ықпал етеді.

Бұл міндеттерді басқа тәсілмен де шешуге болады, бірақ Марблс бұл үдерісті балаға оңай, нәтижелі және пайдасы жағынан үлкен ықыласпен ұйымдастыруға көмектеседі.

Марблс тастарын қай жастан бастап қолдануға болады?

Бұл түрлі-түсті тастармен баланы 2-3 жастан бастап ойнатуға болады. Барлық жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне, таным, қабілетіне олардың ақыл-ой және моторлық қабілеттеріне, сондай-ақ ойынға қызығушылығына байланысты түрленіп отырады. Балаларға тасты ойын барысында қалай қолдану керек екендігі туралы, бір-біріне соғуға болмайтындығы туралы толық түсіндіріледі.

Марблс тастарымен лексика, сөйлеуін дамытуға арналған тапсырмалар

1. Тастарды зерттеу

Бала марблс тастары салынған құтыға қолын салып, тастарды біртіндеп алып шығып, тастардың түсін, пішінін, бітімін сипаттап беру.

2. Әрбір бала тастардың түсіне назар аударып, тастардың түсін атай отырып, тастарды шапшаң түстерге бөліп шығады.

3. Арнайы А3 форматта шығарылған көкөніс, жеміс, табиғат, жабайы аңдар, үй жануарлары т.б сынды марблс тастарына арналған суреттерді марблс тастарымен безендіріп шығып, оларды атап, сипаттау. (Мысалы: бұл көкөніс, бұл қияр. Қияр бақшада өседі. Қиярдың түсі жасыл. Қияр жерде өседі.)

4. Марблс тастарын көлеміне пішініне, үлкендігінеқарай кішкентай тастардан үлкенге қарай бөліп, тастарды атау. Түсі бірдей түрлі пішіндегі тастардан, жолақ жасау.



5. Марблс тастарымен балалар өз "өрнектерін" ойлап табуы керек. Сондай-ақ, марблс тастарын кездейсоқ орналастырып, әңгіме құрауға баулу. Мысалы: Жасыл жапырақ өсіп тұр. Сары күн жарқырап тұр. Менің қызыл добым бар. Кемпірқосақ түрлі түсті болады. Менің қызыл қуыршағым бар.

Марблс тастарымен математикалық қабілеттерді дамыту



-Геометриялық фигураларды, сандарды салу: сіз бір парақ қағазға фигураның контурын (сұлбасын) саласыз, ал бала сол контурды(сұлбаны) таспен қайталап жүргізеді. Жасы үлкендеу балалар фигураны нүктелерге қарап таба алады: мысалы, бала үш тасты төсеп, оның үшбұрыш екенін таба білуі керек.

-Тастардан геометриялық фигуралар, заттар мен қатарларды үлкеннен кішіге қарай және керісінше орналастыруға болады. Балалар тастардан түрлі ұзындықтағы жолдарды, ал жалпақ тастардан түрлі биіктіктегі мұнараларды қуана жасайды.

-Егер бала 1-ден 10-ға дейінгі сандарды білсе, мына ойынды ұсыныңыз. 1-ден 10-ға дейінгі сандарды жазыңыз да, оларды жайып тастаңыз. Бала әр санның жанына тастардың сәйкес мөлшерін қойып шықсын.

Балалардың өзіне деген сенімділігін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған дидактикалық ойындар

«Жыланшық» дидактикалық ойыны

Мақсаты: тастарды бір-біріне қоса отырып, оларды жинауды үйрету; ұзын және қысқа жыланшықты ажырата білу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Құралдар: Марблс шыны тастары.

Тапсырма: педагог ұзын және қысқа жыланшықты барлық тастар бірінен кейін бірі арасы ажырамай жататындай етіп қоюды ұсынады. Түрлі түстерді қолдануға болады.

Күрделендіру: Педагог сандық көрсеткішті қолдана отырып жыланшықты бір түспен, екі түспен кезектестіріп жасауды ұсынады (бір түсті 5 тас және басқа түсті 4 тас алыңыз).

«Графикалық диктант» дидактикалық ойыны

Мақсаттар: жазықтықта бағдарлауды үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Құрал-жабдықтар: 3x3; 4x4 өлшемдегі квадраттарға бөлініп сызылған жазықтық (парақ қағаз), «Марблс» тастары.

1 нұсқа: Педагог ауызша тапсырма береді:

Қағаз парақтың дәл ортасына қызыл тасты салыңыз. Көк түсті тасты - сол жоғарғы бұрышқа, жасыл түстіні – оң жоғарғы бұрышқа, көк түстіні – оң төменгі бұрышқа; жасыл түсті тасты – сол төменгі бұрышқа қойыңыз. Тапсырманы тексеруді эталонды көрсету және педагогтың ауызша бақылауы арқылы жүзеге асыруға болады.

2 нұсқа:

Педагог жазықтықта орналасқан тастардың эталонын ұсынады, ал бала осы суретті қайталауы тиіс.

«Фигураларды жина» дидактикалық ойыны

Мақсаттар: қандай да бір фигураны құрайтын заттардың есебін жүргізуге үйрету.

Құрал-жабдықтар: түрлі түсті «Марблс» тастары.

Мазмұны. Тәрбиеші балаларға тастары бар табақшаны өздеріне қарай алуды ұсынады және "Тастардың түсі қандай? Әр түстен неше тас бар?" деп сұрайды. Тастардың әртүрлі түстерін түрлі фигуралар шығатындай етіп бөліп қоюды ұсынады. Тапсырманы орындағаннан кейін балалар тастарды қайтадан санап шығады. Әр фигураны жасауға неше тас кеткенін анықтайды. Педагог тастардың әртүрлі болып орналасқанына, бірақ олар тепе-тең – әрқайсысы 8 тастан екеніне көңіл аударады. «Тастардың тең екенін қалай дәлелдеуге болады?» Балалар тасты бірінің астына бірін қатарластырып жайғастырады.

«Контур(сұлба) бойынша орналастыр» дидактикалық ойыны

Мақсаттар: түстерді ажыратып, оларды атай білу дағдысын дамыту. Көру зейінін, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту

Құрал-жабдықтар: Марблс тастары, суреттері бар шаблондар.

Тапсырма: Педагог тастарды сурет салынған үлгі-карточка үстіне орналастыруды ұсынады.

Күрделендіру:

Бос жазықтықта орналасқан үлгіні ескере отырып, тастарды орналастыру.

Карточкадағы өрнекті есте сақтап, оны есте сақтауы бойынша қойып шығу.

«Моншақты жина» дидактикалық ойыны



1 нұсқа. Педагог сөздер қатарын айтады, ал бала сөздегі бірінші (соңғы) дыбысты анықтайды және сәйкес қажетті тасты жіпке тізеді (көк түс – дауыссыз, қатаң, жасыл - дауыссыз, жұмсақ, қызыл - дауысты). Тапсырманы тексеруді эталонды көрсету және педагогтың ауызша бақылауы арқылы жүзеге асыруға болады.

2 нұсқа. Педагог меңгеріліп жатқан дыбысқа сөздерді немесе аптаның лексикалық тақырыбы бойынша сөздерді есте сақтауды ұсынады. Бала сөздерді айтады, ал педагог сөздердің қайталанбауын қадағалайды. Кім бірінші болып моншақты жинап алады, сол адам «Ойын тоқтады!» деп қатты дауыстап айтады.

«Шыршаны безендір» дидактикалық ойыны

Берілген дыбысқа сөздер айту немесе заттың неғұрлым көп белгілерін атау ұсынылады. Әрбір сөзге тас қойылады. Шыршасы ең әдемі болып шыққан адам жеңімпаз болып табылады.

«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны

1 нұсқа. Мөлдір емес қаптарға түрлі пішіндегі, көлемдегі, әртүрлі түстегі кішкене шарлар салынады. Баланың алдында тастың үлгісі болады. Педагог баладан қаптың ішінен дәл сондай тасты табуды өтінеді.

2 нұсқа. Бала қаптан кез келген түсті тасты алады, сөз-зат пен сөз-белгіні дұрыс келістіре отырып, оның түсін затпен сәйкестендіреді.

Мақсаты: түстерді, форманы ажырата білу дағдысын дамыту, берілген үлгіге және сөзбен с..... қарай отырып түсті табу. Түс атауларын бекіту Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Құрал-жабдықтар: «Марблс» тастары, түс эталондары бар карточкалар, бөліп салып қоятын ыдыстар (олардың саны қолданылатын түстер санына байланысты).

Тапсырма: Педагог әртүрлі түстегі тастардың араласуына мән береді. Оларды түстеріне қарай бөліп тастау керек. Түстің эталоны көрсетіледі және бірінші көрсетілген түсті бөліп шығару керек. Балалар жасыл түсті атап айтады да өздерінің ыдыстарына тек сол түстегі тастарды жинайды. Осы жаттығуды қайталаған кезде көрсетілетін түстер саны арттырылады.

Күрделендіру: Түс карточкамен көрсетілмейді, ол тек сөзбен айтылады.

Қорытынды: Практикалық бөлімде байқағанымыздай марблс тастары мектепке дейінгі балалардың тілін, зейінін, ойлау қабілеттерін, қиялын дамытады. Марблс тасының қанық түстері баланы әсемдікке талпыныс сезімдерін оятады. Балалардың өзіне деген сенімі артып, жағымды эмоция сыйлайды.

5. Қорытынды

Осылайша, балаларда сөйлеуді дамытуға жан-жақты көзқарас маңызды және олардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады, өмірлік жетістігінің кепілі болып табылады.

Әртүрлі әдістерді біріктіру - сөйлеуді ынталандыруда интерактивті оқыту және лексиканы байытудың көмегімен фонологиядан семантика мен прагматикаға дейінгі сөйлеуді дамытудың барлық аспектілерін шешеді.

Балалардың сөйлеуін дамытуға жан-жақты көзқарас, ата-аналар мен педагогтердің және басқа арнайы білім беру мамандарының берік ынтымақтастығының негізгі ұстанымы болғанда, нәтиже бере алады. Себебі, олардың әлеуеті баланың тілін дамытудағы, оның коммуникативтік дағдыларының қалыптасуын толық жүзеге асыруға жететін болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР ҰҚ 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>
2. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша балалардың іскерліктері мен дағдыларын дамытуға мониторинг жүргізу туралы
http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/Met_rekom_170_417.zip
3. Тұрақты даму мақсаттары, United Nations <https://www.un.org>
4. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 ҚР ҰҚ бекіткен тұжырымдамасы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
6. «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780
7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, ҚР Білім Министрінің 2022.10.14 № 422 бұйрығы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235>
8. ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499. Тіркелген ҚР ӘМ 14.09.16ж. №14235.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235>
9. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. әлеуметтік-эмоционалдық мектепке дейінгі тәрбие және зияткерлік даму/ / әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік психология.— 2023.— № 5(49). — 806-810 ББ.
https://drive.google.com/file/d/1q4P6Kmg9Opx_xtCfjZ971Q79A_rZ40nR/view?usp=share_link
10. Исаева ж. к. диалогтың жалпы теориясы: Монография. - Павлодар: ПМПИ, 2012.— 155 б. 3001ж. Самара Педагогика4. Richards J.C., Renandya W. A. Methodology in Language Teaching // ResearchGate.— 2022.
https://www.researchgate.net/publication/360835767_Methodology_in_Language_Teaching_An_Anthology_of_Current_Practice_Jack_C_Richards_Willy_A_Renandya.
11. Richards J.C., Renandya W. A. Methodology in Language Teaching // ResearchGate.—2022.
https://www.researchgate.net/publication/360835767_Methodology_in_Language

Teaching An Anthology of Current Practice Jack C Richards Willy A Renand
ya.

12. Жиенбаева Сайра Нагашыбаевна, Адамова Манара Елекеновна, Исаева Жибек Кайруллиновна, Сағалиева Жанар Каукербекевна, «Развитие речи у детей: всесторонний подход» 2992 njournal.ru Научный аспект №4 2024 том 13 <https://na-journal.ru/arhiv/11854-zhurnal-nauchnyj-aspekt-4-2024-tom23>

14. Gaukhar Kiikova, Altynay Bektemirova, Aizhan Ramazanova, Zhazira Issina, Sogdiana «Quality of Early Childhood Education and Care in Kazakhstan: The First Nationwide Study», «Вопросы образования», 2024г, №3 <https://vo.hse.ru/article/view/16870>

15. Ибрагимова Г.К. Қазақстандағы өңірлік мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. 2018;(3):192-198. <https://vestnik.kazmkpu.kz/jour/article/view/78>

16. Nelson K., Fivush R. The emergence of autobiographical memory: A social cultural developmental theory // Psychological Review. – 2004. – № 111. – P. 486–511.

17. Stein, N. L., & Glenn, C. An analysis of story comprehension in elementary school children. – Norwood: Ablex. – 1979. – 120 p.

18. Jalongo, M. R. Early childhood language arts. – NY: Allyn & Bacon. – 2003. – 354 p.

19. McCabe A. Cultural background and storytelling: A review and implications for schooling // The Elementary School Journal. – 1997. – Vol. 97(5). – P. 453–473.

20. Morrow, L. M. Retelling stories: A strategy for improving young children's comprehension, concept of story structure, and oral language complexity // The Elementary School Journal. – 1985. – Vol. 85(5). – P. 647–661.

21. Веракса Н.Е., Дьяченко О.М. Способы регуляции поведения у детей дошкольного возраста // Вопросы психологии. – 1996. – №3. – С. 14–27.

22. Шиян И.Б. Учимся рассказывать истории // Современное дошкольное образование. Теория и практика. – 2008. – №2. – С. 25–32.

23. Юрьева Н.М. Проблемы речевого онтогенеза: Производное слово. Диалог. – Москва: Акад. гуманитарных исслед. – 2006. – 488 с

Әдістемелік ұсынымдар АР19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмыстарының барысындағы кейбір аралық қорытындылар негізінде педагогтерге қажетті тиімді тәсілдерді беру үшін жасалды.

Бұл әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілеріне, әдіскерлеріне, педагогтарына, барлық мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсынымдар, 2,5 б.т. (41б.)